



ЖАНАЙҚАЙ

Ел аман, жұрт тынышта адам өлтіре салу түк болмай қалды. Тіпті дүние есігін енді ашып, таза ауаны бойына дарытып, тіршілікті сезіне де алмаған періштенің не жазығы бар еді?! Айтуға адамның аузы бармайтын тосын оқиға Атырауда болды. Адам қолымен өлтірілген нәрестенің оқиғасы қоғамды дүр сілкіндірді.

Шынғыстың айтуынша, бастапқыда құжат өлі туылған нәресте ретінде рәсімделген. Кейін нәрестенің денесін мұздатқыш камераға алып бара жатқан акушер нәрестенің аяғын қозғалтқанын байқап қалады. Сөйтіп, перзентхананың бас дәрігеріне хабарласады. Телефон арқылы болған әңгімеде перзентхананың бас дәрігері Қуаныш Нысанбаев қызылшақаны мұздатқыш камераға қалдырып кетуге бұйырады. «Осылайша, дәрігерлер нәрестені құтқару мүмкіндігі бола тұра, оны өлім аузында қалдырып кеткен. Бірден-бір себеп — базадағы рәсімделген құжаттың қайта түзетілуге

НӘРЕСТЕНІҢ НАЛАСЫ



Атыраудың облыстық перинаталдық орталығында болған сұмдық жағдай туралы нақты деректі бірінші болып сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі хабарлады. Агенттік орынбасары Шынғыс Кабдолла нәрестенің өліміне себеп — дәрігерлердің құжатты қайта рәсімдеуді қиынсынуы екенін айтты. «Себеп» деп айтуға келмейтін қайғылы жағдай бүтін бір отбасының көз жасын көл етті. Жүрегінін жартысына айналған жас ананы тұла бойы тұңғышынан, өмірлік қызығынан айырып отыр.

жатпайтындығында болуы мүмкін», — дейді агенттік өкілі.

Қазіргі уақытта Атырау облыстық перзентханасының бас дәрігері Қ.Нысанбаев пен нәрестені мұздатқышта қалдырған облыстық перинаталдық орталығы гинекология бөлімінің меңгерушісі Асқар Жөнібекұлының үстінен Қылмыстық іс қозғалып жатыр. Енді олар 20 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

(Жалғасы 3-бетте)

МӘСЕЛЕ

МҰҚТАЖДЫҚ ПА, ӘЛДЕ МАСЫЛДЫҚ ПА?

Шымкент қаласындағы халықты жұмыспен қамту орталығы сыртынан қараған адамға құжынаған құмырсқаның илеуіндей көрінеді. Кезекке тұрған адамның қарасында шек жоқ. Бәрі де сол атаулы әлеуметтік көмекке қол жеткізу үшін сабылып жүр. Бұл қазіргі күннің «күйіп» тұрған тақырыбына айналады.

Бірінші жәрдемақыны алып, екіншісіне қол жеткізе алмай жүрген, етегіне бала-шағасы оралған аналар, ұялы телефонының камерасын қосып қойып, барлығының үстінен бұйыра сөйлеген әкелер... Әке демекші, орталық директоры Дархан Беласаровқа кірейін деп тұрғанымызда кабинеттен енгезердей кара кісі шығып телефонымен видео түсіріп, қорқытып-үркітіп, ана жердегілердің азар да безерін шығарды. Алдында бірнеше әйелдің кезекте тұрғанына, өзінің кезексіз кіргеніне қарамастан, дөрекі тіл қатады. Жеке басының құқығын қозғап, қара аспанды төндірі. Мұндай мысал өте көп.



Әлкисса. Дархан Мұхтарұлының айтуынша, Шымкентте халықтың 5/1-і атаулы әлеуметтік көмек алған. 2019 жылдың 24 қыркүйегіне атаулы әлеуметтік көмек 44 184 отбасыға немесе 218 524 адамға төленген. 9 801 өтініш (15,6%) кері қайтарылған. Қабылданған өтініштердің саны 2018 жылмен салыстырғанда 6,9 есеге артқан. Сонымен қатар атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарынан 7 596 отбасының табысын жасырғандығы анықталып, 2149 отбасыға тағайындалған төлем толық тоқтатылды. Бүгінгі таңға 271 отбасыға хабарландыру таратылып, оның ішінде 3 отбасы өз еркімен бюджетке қаржысын қайтарды. Басындағы баспанасы мен меншігіндегі мүлкін жасырғандарға байланысты аудан әкімдері, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы жылдың басынан тағайындалған төлемдерге талдау жасап, учаскелік комиссиялардың қызметін күшейту жұмыстары жүргізілуде.

(Жалғасы 5-бетте)

ТҮЙТКІЛ

2017-2019 жылдары жалға берілетін және кредиттік тұрғын үйді салу мен сатып алуға 414 млрд теңге бөлінген. Бірақ бұл қаражат түйінді түбегейлі шешуге мүмкіндік бермей тұр. «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы саласында қордаланған осындай өзекті мәселелер апта басында Үкімет сағатында сөз болды. Осыған орай, біз Мәжіліс депутаты, экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Нұртай Сәбиляновтың пікірін білген едік.



ҮЙ КЕЗЕГІ 50 ЖЫЛҒА СОЗЫЛАДЫ...

Ипотечалық несие алу жолындағы кедергі — банктердің әрбір қарыз алушының төлем қабілеттілігін өздері анықтауы және ипотечалық несие беру жөніндегі шешімді жеке өздері қабылдауы. Сондықтан да «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін операторлар санын онтайландыру, ипотечалық несиелерді алу және бөлу тетіктерін қайта қарастыру қажет деп есептеймін. Егер біз қазіргідей қарқынмен тұрғын үй салатын болсақ, тіпті енді 50 жылдың өзінде кезектегілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мүмкін болмайды. Өйткені қазір тұрғын үйді пайдалануға беру қарқыны халық өсімінен әлдеқайда аз екенін көріп отырмыз. Сондықтан да, тиісті шаралар қабылдауды және жаңа бағдарламаны әзірлеу кезінде барлық ұсыныстарды ескеруді ұсынамыз.

Бүгінгі күні 512 мың азамат тұрғын үй алу кезегінде тұр. Оның ішінде 30 мыңға жуығы бұл кезекте тұрғанына 10 жылдан астам уақыт болған. Үй кезегінде тұрған 200 мыңнан астам азамат немесе 40%-ы — халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз тобына жатады.

2017 жылдан 2019 жылғы 1 шілдеге дейін (яғни 2,5 жыл ішінде) 30 мың азамат тұрғын үй алған, бұл кезекте тұрған жалпы адам санының 6,3%-ы ғана. Ал осы мерзімде мемлекеттік инвестиция есебінен 53 мыңнан астам тұрғын үй салынған. Мысалы, осы мерзімде тұрғын үй кезегінде тұрған Алматы қаласы бойынша 8 мың (37%), Түркістан облысы — 4 мың (13,5%), Қызылорда облысында 3300 адамға (12%) пәтер берілді. Ал Атырау облысында бар жоғы — 720, Шығыс Қазақстан облысында 855 адамға пәтер берілген. Бұл халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар қабылдау қажет екенін айғақтайды. Сондықтан да «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудағы негізгі мәселелерге тоқталайын.

Бірінші — мұқтаж азаматтардың тұрғын үймен жеткілікті түрде қамтылмау мәселесі. Бюджет қаражатын өңірлердің қажеттіліктері мен кезекте тұрған мұқтаж адамдарды ескермей бөлу практикасы жалғасып отыр. Кезекте тұрған адамдардың саны ең көп Алматы облысында 48 мыңнан астам азамат кезекте тұр. Бұл ретте соңғы үш жылда оған бар болғаны 18,7 млрд теңге бөлінген (тұрғын үймен қамтамасыз етілу — 1,7%). Ал кезекте тұрған адамдар саны одан екі еседей аз (26 мың адам) Қостанай облысына мемлекеттік бюджеттен 26,8 млрд теңге бөлінген (облыс бойынша қамтамасыз етілу — 3,9%). 35 мың адам кезекте тұрған Қарағанды облысына 19,5 млрд теңге қаржы бөлінген.

Сонымен қатар, бағдарлама бойынша шағын, монокалаларда, аудан орталықтары мен ауылдарда жеке тұрғын үйлер салу қарқыны баяу (елімізде 163 аудан, 68 шағын және моноқала бар).

(Жалғасы 5-бетте)

МЕРЕЙ

ЕЛ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТТЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Геннадий Головкинді тамаша жеңісімен құттықтап, даңқты спортшыны бүкіл Қазақстан мақтан тұтатынын атап өтті. «Геннадий Головкинді IBF және IBO тұжырымдары бойынша әлем чемпионы титулдары үшін болған тартысты бокс алаңындағы тамаша жеңісімен құттықтаймын. Гена өзінің кәсіпқой бокстың хас шебері екенін, жеңіске

деген табанды ұмтылысын тағы да дәлелдеді. Қазақстан сені мақтан тұтады. Алға, Гена!», — деген Президенттің құттықтауында.

Шын мәнінде, Қазақстан, қазақ халқы Головкин десе, ішкен асын жерге қояды. Головкин әлі де Головкин. GGG әлі де GGG. Әлі де талай шаршы алаңның шаңын қағатын шамасы бар батыр.

(Жалғасын 8-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР


МҮНАЙ (brent)
58,28

DOLLAR
390.09

EURO
428,32

РУБЛЬ
6,01

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Бұл не деген батпан күйрек!

(Толығырақ 2-бетте)

БИЛІК

Елорда жұрт сүйсіне қарайтын көрікті қалаға айналып келеді. Соңғы уақытта тек осында тұруды армандайтын жұрттың қарасы көп. Сондықтан да болар, көш жыл он екі ай толастар емес. Арқаның ұзақтау қысы, ащы аязы мен бет қаратпас бораны да ешкімге бөгет бола алмауда. Бұл көші-қонға тек қуану керек. Ал келешекте астанамыз өз ерекшелігімен, қызметімен, сәулетімен жергілікті тұрғындар түгілі, шетелдерден келетін қонақтарын да қызықтыра түспек.

Негізгі басымдық қала тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға, азаматтармен тиімді кері қатынас пен тығыз байланыс орнатуға берілуде», – деді.

Бас шаһарда халық саны тұрақты өсіп келеді. Елорда іргетасы қаланғаннан бері халық саны 280 мыңнан 1 млн 100 мыңға адамға жеткен. Тұрғындардың дені – 35 жасқа дейінгі азамат. Осыған байланысты қала әкімі: «Халық санының қарқынды өсуі алдымызға бірқатар маңызды міндетті қойып отыр. Атап айтқанда, әлеуметтік инфрақұрылымға салмақ түсу, қаланың шетіндегі елді мекендерді дамыту, сапалы жұмыс орнына деген қажеттілік және басқалары. Тұрғын үй мәселесіне келсек, қолжетімді баспана басты мәселе болып отыр. Жүргізілген сауалнамаға қатысқан қала тұрғындарының тең жартысы баспананы негізгі мәселе деп атап өтті», – деді.

Мемлекет басшысы қала басшылығына бірқатар ұсыныстар айтты. Айталық тұрғын үйлер инфрақұрылымын, үлескерлер мәселесін шешу, жол және тұрғын үйлер қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауыз су мәселесін ретке келтіру, жолдарды жөндеу мен жарықтандыру, абаттандыру, арзан әрі сапалы ауыл шаруашылығы тауарларымен қамтамасыз ету үшін тиісті әкімдіктер мен ведомстволарға астананың азық-түлік белдеуін құру, Ақмола, Қарағанды және Павлодар облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп, тауар өндірушілер мен сауда желілері арасында тікелей байланыс орнату мәселесін реттеу тапсырылды.

Президенттің пайымынша, Нұр-Сұлтан өмір сүруге барынша қолайлы, төрт құбыласы сай қала қағидаты бойынша дамуы тиіс. Мемлекет басшысы қаланың бірқатар проблемаларына

Өз ойым

АЛУҒА БАР ДА, БЕРУГЕ ЖОҚ

Еліміздің бас дәрігер Елжан Біртанов студенттермен кездесті. Жай шәкірттер емес. Білдей бір министрдің қызметтен кетуін талап еткен болашақ дәрігерлермен. Олар университеттегі білімін ақылы резидентурада жалғастырғысы келгендер. Наразылығын бүгінде көңілі жақпағанға тас ату, біреуден өш алу, қала берді жала жабудың «жайлы мекеніне» айналған әлеуметтік желі арқылы желі арқылы білдіргендер. Қара сөзбен жаза салмай, кәдімгі ролик түсіргендер. Көбірек оқып, білімін тереңдету құптарлық іс, өрине. Бірақ күні ертең жоғары білімді маман атанатын жастар не заңды білмейді, не біле тұра мойындамайды. Ал заңда тайға таңба басқандай анық жазылған. Яғни, мемлекеттің ақшасымен тегін оқығандар 3 жыл міндетті түрде жұмыс істеуге міндетті! Естүімізше, әлгі студенттер оқуға қабылданғанда осындай міндеттеме алып, тіпті, қолхат жазып берген көрінеді.

Министр мына бір жәйтті студенттердің қаперіне салды. Университет түлегі базалық мамандық бойынша белгілі бір мерзімде жұмыс істеуі тиіс. Немесе, мемлекетке керекті маман дайындайтын резидентураға оқуға түсуі керек. Егер ақылы резидентураға барса, ертең мамандығы бойынша жұмыс таппай қалуы әбден мүмкін. Бізде әркімнің мамандық таңдауға хақысы бар. Сонымен қатар, мемлекет алдындағы міндеттеме де бар. Кездесуде бір студент қыз (*сірә, қала тұрғыны болар*) түлектерді жұмыс орнына бөлгенде алыстағы ауылдарға жіберетінін айтып мұң шағыпты. Министр оған ауылға барса, емдеудің негізгі әрі дәрігерге ең керекті тәсілдерін үйренетінін түсіндіруге тырысты.

Түлектерді әр аймақтағы мамандарға сұраныс бойынша бөлу кешегі кеңес заманында да болған. Соның нәтижесінде, тіпті, өзге республикалардың өкілдері біздің шалғайдағы елді мекендерімізге барып жұмыс істейтін. Бұл маман ретінде қалыптасуға таптырмайтын мектеп еді. Рас, ол кезде де қаланың жайлы өмірге үйренген қыз-жігіттері басқа жаққа барғысы келмейтін. Бірақ қазір мемлекеттің «Дипломмен ауылға» бағдарлама арқылы баспанамен қамтамасыз ету, өзге де әлеуметтік көмек көрсету қарастырылған. Рас, «бағдарлама мүлтіксіз орындалып жатыр» деуге келмес. Дейтұрғанмен, жас маманның талап етуіне хақысы да бар, мүмкіндігі де мол.

Ал ауылда білікті дәрігер жетіспейді. Бұл оқиға табактай диплом алып, бірақ мамандығы бойынша жұмыс істемейтін немесе істегісі келмейтін жастарға қатысты проблеманы жана бір қырын ашты. Ол – қоғамда өзінің құқығын қузап, міндеттемесін орындауды қажет деп санамайтындардың барған сайын көбейе түсуі. Жан қинап, жұмыс істемей-ақ, мемлекеттің жәрдемақысымен бала-шағасын асырағысы келетін ата-анаға таңқалмайтын болдық. Мұндай масылдықты уағыздайтын құбылыс бір кездері байлығы тасыған Батыста да болғанға ұқсайды. Әйтпесе, президент Кеннеди «Сіздер Америка бізге не береді?– деп емес, біз Америкаға не бердік?–деп ойлануыңыз керек» демес еді.

«Сіздер Қазақстанға не бердіңіздер?» – деп бізде қашан сұрайды екен.

Талап ТІЛЕГЕН

ЖҰРТҚА КЕРЕГІ – ЖАЙЛЫ ҚАЛА

Бүкіл әлемге Назарбаев моделі немесе Қазақстан жолы деп мойындалған стратегияны ұстанған Нұр-Сұлтан қаласы – егемен еліміздің негізгі әрі аса маңызды жобасы. Қазіргі уақытта ірі саяси-экономикалық, мәдени және білім орталығы болып қалыптасқан Елордаға билік тарапынан да жіті назар аударылып келеді. Сондықтан да болар, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Елорданы одан ары дамыту мәселелері жөніндегі мәжілісте қолға алынып жатқан шаруалар тағы бір мәрте пысықталды.

Нұр-Сұлтан қаласында тұрғындар саны тұрақты өсіп келеді. Мемлекет басшысының алдында есеп берген әкім Алтай Көлгінов: «Нұр-Сұлтан қаласын Еуразияның іскер, мәдени және ғылыми орталығы ете отырып, жастарды, кәсіпкерлер мен туристерді тарту – біздің негізгі темірқазығымыз. Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің сайлауалды бағдарламаңыз бен Қазақстан халқына Жолдауыңызда қойылған негізгі міндеттер Елордамызды экономикалық және әлеуметтік бастамалар жүзеге асыруына мүмкіншілік ашып отыр.



Қазіргі таңда үй кезегінде 47 600 адам тұр. Олардың көбі түрлі әлеуметтік топтарға жатады. Осыған байланысты қолжетімді баспана құрылысын үш есеге дейін арттыруға дайындық жұмыстары басталып кеткен. 2019 жылдың қорытындысы бойынша, бюджет қаржысы есебінен 190 мың шаршы метр болатын 2400 пәтер тапсырылған. Ал келесі жылы жеткілікті қаражат қарастырылған жағдайда ауданы 550 мың шаршы метр болатын 7 мыңға жуық пәтер салу көзделген.

тоқталып, оларды шешу жөнінде нақты тапсырма берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана Бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалық институтына да барып, қаланы абаттандыру және қоғамдық орындарды қайта жаңғырту жоспарымен танысты.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Президентке Елорданың әлеуметтік-мәдени дамуы, көгалдандыру мен жүзеге асырылып жатқан негізгі инфрақұрылымдық жобалар жайында баяндады.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Аптаның айтары

Аружан САИН,
Балалар
құқығы
жөніндегі уәкіл:

«Көшедегі баламен қайыр сұрап жүргендерге ақша БЕРМЕЙІК!»,



Нұрлан НЫҒМАТУЛИИН,
Мәжіліс төрағасы:

«Бұл бағдарламаны жүзеге асыруда жіберілетін кәдімгі қағазбастылық. Қарап тұрсақ, бір құжатты дайындап, пысықтау үшін 9 ай кеткен. Бұл мерзім ана сәбиін дүниеге әкеледі! Ал сіздер бір құжатты «туғыза» алмай жатырсыздар. Мен мұны жастарға аса қажетті маңызды бағдарламаны іске асыруда жол берілген бюрократиялық жайбасарлық деп есептеймін. «Жастар жылы» аяқталып келеді. Ал сіздер ұйқыдан енді оянып жатырсыздар»!



Бибігүл АСЫЛОВА,
білім және ғылым вице-министрі:



«Бүгінде Сириядан 506 бала қайтып келді. Қазіргі таңда елімізде жасөспірімдерді қолдауға арналған 15 әлеуметтік-психологиялық, құқықтық орталық жұмыс істеп тұр. Стационарда тәулік бойы 14 баласымен 4 ана жатады. Қалғандары – күндізгі стационарда. 254 балдырған мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылған. Мектептерде 153 бала оқып жатыр. Сондай-ақ түл жетім қалған 33 бала арнайы мекемелерге таратылды. Арасында сол жақта туған, казакша, орысша мүлде білмейтін аралас некелен туған балалар да бар».

Серікжан ЕНШІБАЙ,
теолог:



«Туғалы радикал сәләфизм бағытында тәрбиеленген балалар, тіпті өздерінің әке-шешесінен қауіптірек. Егер ол дінге 20 жаста, мектептен кейін кеп жатса, ол адамды қоғамға қайтару оңай. Ал радикал сәләфиттік бағыттағы отбасында ой еркіндігі шектеледі. Олар екінші, болуы ықтимал, балама бағыттарды мүлде қарастырмайды. Зерттеп, талдау, анализ деген тіпті жоқ. Балалар да сол тәрбиемен өседі. Болашаққа өте қауіпті болуы мүмкін».

Наталья САНАРОВА,
балалар психологы:



«Балалардың әр көргені түпсанасына жазылады. Бұл, ертенгі күні оның болашақтағы мінез-құлқына, өміріне қатты ықпал етеді. Олардың әрқайсысымен психологиялық жұмыс жасалуы керек. Балалар қатты қызеліске түскен. Олар тілді түсінбейтін ортаға келіп, көп қантөгіс пен ашу-ызаны көрген. Тіпті жастайынан ата-анасынан айырылған. Ауыр психологиялық жарақат алып келген. Егер мұны өз бетімен жіберсек, біз қоғамға сіне алмайтын ызалы ұрпаққа тап боламыз».

Қызықтан
қызықтары

ҚЫМБАТ КӨЛІК АРЗАН БОЛМАЙДЫ!

Интернет сайттан қымбат көлікті арзан бағаға алығыс келетіндер сан соғып қалды. Өйткені солардың есебінен жалған жарнама жүктеген алаяқтар оңай олжаға кенелуде.



Жуырда жұртты алдап жүрген азамат Нұр-Сұлтанда ұсталып, жазаға тартылды. Ол kolesa.kz интернет-сайты арқылы арзан бағамен премиум-санааттағы көлік сататыны туралы хабарландыру орналастырған. Сөйтіп, сәуір айында 2012 жылғы «Toyota Land Cruiser» көлігін 8 млн теңгеге сатып алғысы келген Елорда тұрғынын алдапты. Ол іс жүзінде жоқ көлікті мемлекеттік мекемеден сатып алу қажеттігін айтып, одан 4 миллион теңге алған. Сондай-ақ биылғы маусым айында «Nissan Patrol»-ды 7,5 миллион теңгеге сатып алмақ болған тағы бір азаматты сан соқтырған. Оның да 4 млн теңгесін иемденіпті. Күдікті Есіл аудандық №2 сотының үкімімен 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы кесіліп, материалдық шығын толықтай өндірілді.

Мектеп оқулықтары төңірегінде әңгіме көп. Осыдан кейін «оқушылар қандай оқулықтан білім алып жүр?» деген сұрақ туындайды. Әсіресе түп-тамырымызды түгендейтін тарих пені бойынша таратылған оқулықтарда қаншалықты қате бар? Бұл орайда Хәлел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, тарихшы-ғалым Аманкелді Шамғонов мектеп оқулықтарындағы өрескел қателіктерді санап тұрып айтып берді.

Жас qazaq: Аманкелді аға, сізді ғылыми орта исатайтанушы ретінде жақсы біледі. Қателеспесек, соңғы отыз жылыңызды осы тақырыпты зерттеуге арнап жүрсіз. Ғалым ретіндегі пікіріңізді ашық айтыңызшы, біз еліміздің тарихын мектепте қалай оқытып жүрміз?

А.Шамғонов: Көсемсөз ұстасы атанған Қадыр Мырза Әлінің «Біздің тарих бұл да бір қалын тарих, оқулығы жүп-жұқа бірақ-тағы» — деген қанатты сөзі бар. Осы жерде еріксіз еске түседі. Қалай десек те, тарих — ұлттың жады ғой. Оны өшіріп алуға болмайды. Өйткені, тарихын қастерлеген ұлт қана өткенінен тағылым алып, келешегіне сеніммен қарайды. Демек, біз тарихты ғылыми негізде жаза алмай жүрміз. Жазсақ та, бұрмалап, өзіміз біле тұра, бала санасына қателікті құйып жатырмыз.

Жас qazaq: Мектеп оқулықтарындағы бұрмалау туралы мәселе көтеріп келе жатқаныңызға аз уақыт болған жоқ. Әсіресе Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісті оқыту тақырыбына байланысты талай мінбелерде мәселе көтерілді. Осы жағына кенірек тоқтала аласыз ба?

А.Шамғонов: Қазір қолыңызда болса, «Қазақстан тарихы» (XVIII-XIX

Аманкелді ШАМҒОНОВ:

ОҚУЛЫҚТАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚ – ТАРИХҚА ҚИЯНАТ

ғасырлар)» кітабының 8-7-сыныпқа арналған оқулығын қарап шықсаңыз болады. 2018 жылы шыққан оқулықта Атырау өлкесінің тарихына байланысты деректер жұмсартып айтқанда, бұрмаланып берілген. Оқулықтың 81-бетін ашып қарасаңыз, «Бөкей ордасы казактарының 1836-1838 жылдардағы көтерілісі» деген тақырып жазылып тұр. Қалай, сіздіңше, бұл тақырып дұрыс беріліп тұр ма?

Жас qazaq: Ойланарлықтай-ау, аға?!
А.Шамғонов: Неге?

Жас qazaq: Себебі өзім бұл жылдардағы оқиғаны Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс деп оқыдым.

А.Шамғонов: Дұрыс айтасын. Тақырыпқа қарап отырып, еріксіз танданасын. Кез келген көтеріліс өздігінен бүрк ете қалмайды. Оның міндетті түрде ұйымдастырушысы болады. Сол тарихи кезеңде Исатай мен Махамбет батырлар қазақ шаруаларының басын біріктіріп, ортақ мақсат-мүддеге тоғыстырып, теңдік жолында күресті ұйымдастырмаса, көтеріліс болар ма еді? Көзге шұқып көрсететін тағы бір жайт бар. 2012 жылы және 2016 жылы 8-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы басылып шықты. Оқулықтың сол нұсқасында бұл тарихи оқиға «Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс» деп дұрыс тақырыппен берілген болатын. Ол нұсқада көтерілістің басшылары, сипаты ашып көрсетілген еді. Ал 2018 жылғы шығарылымында авторлардың көтеріліс көсемдерін тақырыптан алып тастауына не себеп болды? Әлде бізде тарихи дерек жыл өткен сайын өзгертіліп, авторлардың ыңғайына қарай бұрмалана бере ме?

Кім не десе де, Исатай мен Махамбет Атырау өлкесінде ғана емес, күллі қазақ даласында өшпес із қалдырған тарихи тұлғалар. Мұны жас ұрпақ жақсы білуі тиіс. Біз ұрпақтан ұлы дала төсін дүбірлетіп өткен тұлғаларды жасыра алмаймыз. Демек, аталған оқулық авторларының көтеріліс көсемдерінің есімдерін тақырыптан алып тастауы — қателік. Ал егер көтеріліс көсемдері тақырыптан әдейі алынып тасталса, онда бұл — саяси қателік.

Жас qazaq: Бар қателік осы ғана ма?

А.Шамғонов: Сол кітапты тереңірек ашып қарайтын болсақ, авторлар «Бөкей ордасында 1838 жылы да көтеріліс болды» деп жазыпты. Міне, сізге «эврика!». Тағы да сол тарихқа жүгінетін болсақ, 1838 жылы Бөкей ордасында ешқандай да көтеріліс болған жоқ. Бұл жерде авторлар оқушыларды да, тарих пені мұғалімдерін де адастырып отыр.

Жас qazaq: Сонда авторлар «Бөкей ордасындағы 1838 жылғы көтеріліс» деген деректі қайдан?

А.Шамғонов: 1837 жылдың 13 желтоқсан күні таңда Исатай мен Махамбет бастаған шағын топ қарлы дауылды пайдаланып, Құрақ Маябасов деген жолбасшының көмегімен қазіргі Махамбет ауданының орталығына жақын жердегі Сарытоғай маңынан Азия бетке — кіші жүзге өткен. Бұл туралы көптомдық «Қазақстан тарихының» III томында: «Бөкей ордасында шаруалар көтерілісі аяқталса да, ол Жайық өзенінің сол жағалауында одан әрі өрістеді. Осы аумақта Исатай мен Махамбет патша өкіметінің жазалаушы әскерлері мен жергілікті феодалдарға қарсы шешуші шайқас жолында күш біріктіре басталды», — деп жазылған.

Яғни Исатай мен Махамбет казактарды отарлық езгіге қарсы күш біріктіріп, ұлт-азаттық көтерілісті жана сатыға көтеруді мақсат етіп қойды. Сондықтан, олар Бөкей

ордасы мен кіші жүздің батыс аумағында ұзақ жылдар бойы патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы күрес жүргізіп келе жатқан сұлтан Қайыпқали Есімовпен саяси-әскери одақ жасауды қажет деп тапты. Батырлардың бұл тәсілі өз жемісін берді. 1838 жылдың алғашқы алты айында Қайыпқали Есімов пен Исатай Тайманов бастаған көтерілісшілердің саны 3 мыңға жетті. Ал Бөкей



ордасында көтерілісшілердің саны 2 мыңдай болатын.

Міне, осы деректерді ескере келе, біз ғылыми айналымға «1836-1837 және 1838 жылдардағы Бөкей ордасы мен кіші жүздің батыс бөліміндегі Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс» атты тақырыпты енгіздік. Бұл жерде көтеріліс болған аумақ пен жылдар, көтеріліс басшылары мен оның сипаты анық көрініп тұр. Олай болса, 2018 жылы шыққан 8-сыныптың «Қазақстан тарихы» оқулығындағы тақырыптың «Бөкей ордасы казактарының 1836-

Жас qazaq: Осы жайтқа байланысты тарихшы ретінде не ұсынасыз?

А.Шамғонов: Шыны керек, біздің университеттің тарих факультетінің профессор, оқытушылар құрамы болып, мектептерде Исатай, Махамбет бастаған көтерілістің оқытылуы жөнінде білім және ғылым министрлігіне хат жаздық. Алайда министрліктегілер дәл осы мәселе жөнінде жұмған аузын ашпай отыр. Мұны сірә, қателік жіберіп отырған авторларды жақтағандық деп түсінген дұрыс болар.

Тарихқа ең алдымен бірізділік керек. Тарихты бұрмалай берсек, ұлттық жадынан айырыламыз. Сондықтан, «Қазақстан тарихы» пені бойынша жазылған оқулықтар әр облыс орталығындағы университеттердің «Қазақстан тарихы» кафедрасынан апробациядан өткізуді ұсынамын. Міне, сонда ғана өлкенің тарихына байланысты деректердің бұрмаланбауына жол бермейміз.

Жуырда білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов кей оқулықтар кері түзетіліп, қайта басылады деп. Біз сол «Қазақстан тарихы» оқулығы да енеді деп үміттенеміз.

Жас qazaq: Оқулыққа енген қателік тасқа басылған таңба, тарихқа жасалған

қиянат екені анық. Адамдардың туған, өлген жылдары дұрыс па?

А.Шамғонов: Өкінішке қарай, аталған оқулықтың 162-бетінде казактың ұлы күйші-композиторы Құрманғазы Сағырбайұлының қайтыс болған жылы 1889 жыл деп қате көрсетіліпті. 2018 жылы шыққан 8-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығында авторлар Құрманғазының туған жылы — 1806, қайтыс болған жылы — 1879 деп тарихи шындықтан мүлдем алшақтаған. Тағы сол авторлардың 2016 жылы шығарған «Қазақстан тарихы» оқулығында



1838 жылдардағы көтерілісі» деп аталуы оқушыларға қате түсінік береді. Біріншіден, бұл жерде авторлар, патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы бағытталған, қазіргі Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстары аймақтарын қамтитын 3000-нан астам адам қатысқан көтерілісті айтады. 1838 жылдың алғашқы алты айындағы көтерілісті ескермеген. Екіншіден, тақырыптағы «Бөкей ордасы» деген сөз көтеріліс аумағын негізсіз тарылтып тұр. Осы жерде айта кететін бір жайт, 2018 жылғы 8-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» кітабының орысша нұсқасында бұл көтеріліс екі кезеңге бөліп көрсетілген. Осы кезеңді ғылыми айналысқа мен енгізген болатынымын. Енді таң қаларлығы сол, осы кезеңдер оқулықтың казакша нұсқасында жоқ. Яғни казакша аударылмаған. Сөз жоқ, бұл авторлар тарапынан жасалған шектен шыққан немқұрайдылық. Ғылыми басылымдарда осылай деп мен жиырма жылдан астам уақыт айтып келемін.

Жас qazaq: Тақырыпқа байланысты тағы да толықтыратын жайт бар ма?

А.Шамғонов: Енді біз талқылап отырған оқулықтың 86-бетіндегі «Кіші жүз казактарының көтерілісі» атты картаға көз жүгіртелік. Картада рухани көсем, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы қазіргі Атырау облысы Жылыой ауданы аумағындағы Жем өзенінің Каспий теңізінің құйылысына жақын жерде қаза тапты деп көрсетілген. Бұл Атырау өңірінің тарихын өрескел бұрмалау, Махамбет батырдың рухына жасалған үлкен қиянат. Тарих бұрмалауды көтермейді ғой!

Махамбет Өтемісұлының 1846 жылдың қазан айында қазіргі Атырау облысы Индер ауданы аумағындағы Карой деген жерде қаза тапқаны баршаға аян. Оның үстіне, 1995 жылы Махамбет зиратына биіктігі 12,2 метр болатын кесене де тұрғызылды. Қазір Каройдағы батыр зираты Махамбет Өтемісұлы атындағы тарихи-мәдени қорыққа айналды. Соңғы жылдары бұл кесене аумағы еліміздегі киелі жерлердің қатарына енді. Сонда күнделік емес, оқулық жазып отырған адамдар мұны білмей ме? Әлде әдейі жасап отыр ма?



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

QOŪAM



www.jasqazaq.kz

Жанайқай

(Басы 1-бетте)


«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресін» деген бар ғой. Сөйтсек, бұл сұмдық жағдай басқа бір қылмыстық істі зерттеу кезінде анықталыпты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің

мәліметінше, бұған дейін бас дәрігері Қ.Нысанбаев «пара берді» деген күдікке ілінген. «Яғни бұл дәрігер бұған дейін Атырау облыстық сот-медициналық сараптама институтына босанған әйелдің өліміне байланысты сараптаманың он нәтижесін шығару үшін 300 мың теңге көлемінде пара берген. Сонымен бірге ол демеушілерден түскен қаражатты алып, шетелге демалып келген», — деп толықтырды спикер.

Жана туылған нәресте туралы телефон арқылы болған әңгімені естіген сәтте тиісті органдар оқиға орнына барған. Бірақ, нәрестені құтқару мүмкін болмады. Өмірге келген сәтте өзге емес, дәрігерлердің қолымен ажал аузына тасталған періште мұздатқыш камерада көз жұмды.

Санаулы сәт ішінде күллі елімізге тараған сұмдық оқиғаға Президент әкімшілігі де араласып жатыр. Қазір Атыраудағы сәби өлімі көрсеткішінің көбеюіне байланысты шұғыл шаралар қабылдауды міндеттеді.

НӘРЕСТЕНІҢ НАЛАСЫ



Атырау перзентханасында орын алған сұмдық жағдайдан кейін ай-күні жетіп отырған бір ана орталық қызметінен ерікті түрде бас тартқан. Ақтөбеде босануға бел бұған ана діндеген орнына жете алмады. Ол Ақтөбе облысына қарасты Байғанин ауылында, яғни жолда босанып қалды. Бұл туралы біздің тілшімізге жас босанған әйелдің туысы хабарлады. Соңы сәтті аяқталған бұл оқиға біздіңше, дәрігер абыройына түскен қара дақтың бір мысалы ғана...

Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов ажал аузына тасталған нәрестенің отбасынан кешірім сұрап, көңіл айтты. Бұған қоса, Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Мәншүк Аймұрзиеваны қызметтен босататынын мәлімдеді. Кейін министр дәл осы өзін қайтып алды. Осылайша, М.Аймұрзиева әлі орнында отыр. Сонымен бірге Атырауда денсаулық сақтау министрлігі тарапынан құрылған комиссия жұмыс істеп жатыр.

Министр: «Дәрігерге қазір кісі өлтірді деген айып тағылып жатыр. Бұл жерде алдын ала бірнәрсе айту қиындау. Біреу құжат рәсімдеп, оны қайта түзете алмады деуге болмайды. Мұндай нәрсе жүйеде жоқ», — деп нақтылады.

Атыраудың өзінде қазір дүрмек басылған жоқ. М.Аймұрзиева орын алған оқиғаны «сұмдық» деп бағалады. Әлеуметтік желі біткенде қазір дәрігерлерге қарсы ғайбат сөздер айтуға. Қоғамдық қысымды көтере алмаған Атырау облыстық перзентханасының 31 дәрігері жұмыстан кетуге өтініш берді. «Біз де ет пен сүйектен жаралған адамбыз. Интернетте біз туралы не айтылып, не жазылып жатқанын да көріп отырмыз. Тергеу жүруіне байланысты, бізді түсінік алуға да шақырып жатыр. Оның үстіне, күнделікті атқарып жатқан жұмысымыз бар. Бірақ бұл жағдайлар моральдық, психологиялық тұрғыда біздің жұмыс істеуімізге кедергі келтіруде» деп мәлімдеді перзентхана дәрігерлері.

Қазіргі уақытта арыз берген мамандармен денсаулық сақтау министрлігінің, жергілікті басқарманың және кәсіподақ ұйымдарының өкпідері жұмыс жүргізуде. «Перзентхана қызметкерлері жұмыс орындарында. Біз дәрігерлермен диалог орнатуға тырысып жатырмыз. Олардың әрқайсысы күн сайын адам өмірі үшін күресіп жүрген маман» деп түсінік берді бізге Атырау облысы әкімінің баспасөз хатшысы Серікжан Ерментаев.

Атырау облыстық перзентханасының баспасөз хатшысы Аслан Жәнісовтің айтуынша, перинаталды орталық штатында 62 дәрігер бар. «Дәл қазіргі уақытта 35 дәрігер жұмыс істеуде. Оның 31-і жұмыстан кетуге өтініш беріп отыр. Қалай десек те, перзентханада жұмыс күшейтілген жүйемен жүргізілуде. Күрделі операциялар жасалып жатыр», — деді ол.

Айдың күні аманын да періштесінен айырылған Нұржамал сәуір айында ғана тұрмыс құрған. Тұла бойы тұңғышын асыға күткенін айтады. «Мен ауыр босандым. Босану кезінде есімнен айырылып қалдым. Есімді жиған уақытта маған баламның өлі туылғанын айтты. Одан аргы жағдайды өздеріңіз де білесіздер. Қазіргі уақытта күйеуім тиісті орындарға шағымданды. Бірақ, бұл жағдай маған баламды қайтармайды ғой», — дейді кара жамылып қалған ана.

Иә, арыз да жазылады, сот та өтеді. Жауаптылар жазасын алады. Бірақ өлген адам қайтып келмейді...

Уақыт өте келе, бұл оқиға да ұмытылар. Бірақ басқа емес, әдетте қоғам «абзал жан» деп дәріптейтін дәрігерлердің қатыгездік әрекетке баруы — адам өмірі деген ең үлкен құндылық құнының қай деңгейге жеткенін көрсетіп тұрғандай...

Баян АТАЙМАНҚЫЗЫ

Тұсаукесер

ЖАҢА ҰШАҚ ЖОЛҒА ШЫҒАДЫ



«Әйр Астана» әуекомпаниясы жұртшылыққа жана әуе лайнерін таныстырды. Airbus A321LR ұшағының тұсаукесер рәсімі Елордадағы Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайының аумағындағы аталған әуекомпанияның авиациялық-техникалық орталығында өтті.

«Әйр Астана» операциялық лизингке барлығы 7 A321LR ұшағына тапсырыс берді. Олар Гамбургтегі (Германия) Airbus зауытынан тікелей жеткізілетін болады. Жана әуелайнерлер «Әйр Астана» паркіндегі 2003 жылдан бастап пайдаланымдағы Boeing-757 ұшақтарын кезең-кезеңімен ауыстырады.

«Әйр Астана» компаниясының президенті Питер Фостер: «A321LR ұшағын сатып алу — компанияның дамуындағы маңызды қадам. Бүгінгі күні әуелайнер тар физологиялық ұшақтар әлемінде ең технологиялық және үнемді әуелайнерлердің бірі болып табылады. Жоғары сапалы, бизнес-класта толық жазылатын креслолар мен эконом-кластағы эргономикалық креслолар жолаушыларға Батыс Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия, Мәскеу, Дубай, Ыстамбұл мен Бейжіңге ұшатын рейстерде жоғары жайлылықпен саяхаттауға мүмкіндік береді», — деді.

A321LR жетілдірілген техникалық сипаттамалары мен эргономикалықлығы әуе тасымалы қауіпсіз, үнемді және жайлы етеді.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Сұхбаттасқан
Баян ЖАНҰЗАКОВА,
Атырау



Демеу

Елімізде әлеуметтік көмек арудың жаңа жүйесі 2020 жылдан бастап заң шеңберінде жүзеге аса бастайды. Жәрдемақының жаңа түріне қатысты жобаны жұртшылық жылы қабылдады. Осы орайда біз бірнеше отбасына телефон шалып, олардың пікірін білуге тырыстық. Жасыратыны жоқ, көпбалалы аналардың жаңа жылдан кейін қолданысқа енгізілетін заңға риза екендіктерін байқадық. Мәселен, алматылық Мейіргүл Сапарбайқызы: «Бұл біздің отбасымыз үшін өте жақсы болмақ. Төрт балам бар. Бәрі мектеп жасында. Оларды киіндіруге, түрлі секциялар мен үйірмелерге қатысуға мүмкіндік аламыз. Жәрдемақының жақсылығын көретінімізге қуаныштымыз», – деді.

балаларды кепілдендірілген әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етуі: 1-ден 6 жасқа дейінгі балалар тамақпен, гигиеналық құралдармен және білім беру қызметтерімен, ал 6 жастан 18 жасқа дейінгілер – мектептерде тегін ыстық тамақпен, қалалық қоғамдық көлікте күнделікті тегін жол жүру, мектеп формасымен, оқу құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Иә, бұл әрбір отбасына үлкен көмек болары анық. Әрі бұл жағдайда отбасының жұмысқа жарамды мүшелері еңбек етуі тиіс. Ал мемлекет жұмысқа орналасуға және бизнеспен айналысуға дәнекер болмақ.

Үкімет еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, өнірлерде

Тақырыпқа орай: ↓



Гүлбану САРБАСОВА,
филолог:

Үкімет отырысында сөз болған атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) көпбалалы және күнкөріс деңгейі төмен отбасылар үшін нақты жәрдем болары даусыз. Қазіргі қымбатшылық заманда бала-шағаның ішіп-жемі, киім-кешегі, дәрі-дәрмегі, жолақысы деген сияқты шығынын жабуға бұл қаражат септігін тигізері анық.

Баспанасыз қаншама отбасы бар. Бәрі пәтер жалдап тұрады. Бүгінгі ұрпақ-ертеңгі келешек иесі екенін ескерсек, жаңа жылдан бастап қолданысқа енетін заң тұрмысты түзеуге тиімді бола түспек. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – балалардан қамқорлықты аямалық. Ұлы-қыздарды несібесінен айырмай, алдағы уақытта да атаулы әлеуметтік көмек берудің нақты жолдарын ұдайы қарастыру керек.



Мақпал БҰҚАРОВА,
мұғалім:

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жаңа заңға енгізгелі жатқан өзгерістерін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы біліп жатырмыз. Жалпы ұсыныстар көңілге қонды.

Менің төрт балам бар, үкіметтен 10 500 теңге жәрдемақы аламын. Жолдасым екеуміз жұмыс істегендіктен, атаулы әлеуметтік көмекке өтініш бермедім. Бір қарағанда 10 500 теңге төрт балаға аз. Қазір азық-түлік, киім-кешек қымбат. Үкімет егерде табысқа қарамай, төрт және одан да көп баласы бар отбасыларға 42 мың болмаса, одан да жоғары қаржылай жәрдемақы төлейтін болса, еліміздегі көп баласы бар ата-анаға көдімгідей көмек болары даусыз. Әрине, көп балалымыз деп барлық жағдайды мемлекетке артып қоюға болмайды, әрбір ата-ана өз отбасына жауапты екенін де ұмытпайық.



Ақерке МҰРАТОВА, бала күтімімен отырған ана:

Бес баланың анасымын. Жолдасым бір өзі жұмыс істейтіндіктен, мемлекеттен атаулы әлеуметтік көмек алып отырмын. Әр балаға 21 мың теңгеден бес балама 105 мың теңге атаулы әлеуметтік көмек беріледі. Егер де өзгеріс енгізілсе мен бес балама 72 мың теңге көлемінде жәрдемақы аламын. Заңда осы жағы қалыс қалмаса екен деймін. Өйткені қазір баланы мектепке киіндіру де оңай емес. Сол себепті депутаттар барлық жағынан көпбалалы отбасыларының мүддесін қорғауы керек.



Осылайша, көпбалалы отбасын қолдаудың кезекті тәсілі 2 айдан соң басталады. Бұл мүмкіндік барлық көпбалалы отбасына ортақ. Тек ақшаның көлемі баланың санына қарай есептеліп, төленбекші.

4 балаға – **42 500 теңге**
5 балаға – **53 125 теңге**
6 балаға – **63 750 теңге**
7 балаға – **73 375 теңге**

Жаңа заң жобасы осы айдың соңында Парламент депутаттарының қарауына ұсынылады. Егер заңға айтарлықтай өзгеріс енгізілмесе, жаңа жылдан бастап шамамен 343 мың отбасы мемлекеттің қолдауын сезіне алады.

Осы аптада Орталық коммуникациялар қызметіне келіп, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен ой бөліскен еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәсілдерін тәптіштеп түсіндірді. Бас қосуда министр: «Атаулы әлеуметтік көмек алатын балалардың 60 пайыздан астамы көпбалалы отбасылардан шыққан. Осыған байланысты атаулы әлеуметтік көмек алушы көпбалалы отбасылар жанұядағы балаларға ортақ

Асқар МӘМИН,
Премьер-Министр:

Біз халықты әлеуметтік қолдау тетіктерін жүйелі түрде жетілдіріп отырамыз. Бұл бағытта көптеген ауқымды жұмыстар атқарылды, ол Елбасының ерекше бақылауына алынған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, көмек көрсету тетігі ашық әрі әділетті болып, адамдарды бейқамдыққа емес, еңбек етуге ынталандыруы тиіс. Азаматтарымыз көмекке мұқтаж адамдардың бәрі – аз қамтылғандар, көпбалалы отбасылар мен балалар мемлекеттің қорғауында болғанын және солай қалатынын білуі керек. Жұмыс істей алатындарға – оларға оқудан өтуге, мамандық алуға, жеке кәсіп ашуға, жұмысқа орналасуға барлық жағдай жасалып жатыр.

атаулы әлеуметтік көмекті берудің жаңа тәсілдері туралы түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруды тапсырды. Сондықтан жұрт жалпы түсінбеген кейбір мәселелерін нақты білуіне мүмкіндік жасалмақшы. Ал өңір әкімдеріне атаулы әлеуметтік көмекті ұсыну бойынша түзетілген шаралардың нақты орындалуын қамтамасыз ету міндеттелді. Бұл атаулы әлеуметтік көмек алушылардың табысын жасыру жағдайларын азайтып, көмекті тағайындау тәртібі әділ бола түспек. Әрине, отбасының жан басына шаққандағы табысына

байланысты атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мөлшері кейбір жағдайда өзгеруі де мүмкін. Барлық отбасы мүшелеріне АӘК орта табысы мен кедейшілік шегі арасындағы айырмашылық көлемінде ғана төленеді. Егер отбасындағы еңбекке қабілетті адам ұсынылған жұмыстан бас тартса, онда отбасы АӘК алу құқығынан айырылады.

Біржан Нұрымбетов учаскелік комиссиялар жұмысы да күшейтілетінін айтты. Ол: «Өкінішке қарай, атаулы әлеуметтік көмек алушылар бірнеше қабатты жеке үйлерде тұрып жатқан, бірнеше автокөлігі болған, жер учаскелері мен қосалқы шаруашылықтарының үлкен көлемде болғаны туралы мысалдар аз емес. Бұл жағдайлар учаскелік комиссияның жауапкершілігіне кіреді. Сондықтан заң жобасында учаскелік комиссиялар үшін атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждығын анықтау, өлшем шарттарын бекіту үшін орталық атқарушы органның құзыретін қарау ұсынылады», – деді.

Сондықтан заңда көрсетілгендей, учаскелік комиссияларға отбасының материалдық жағдайына қорытынды жасау үшін мерзімді үш күннен жеті күнге дейін ұзарту ұсынылып отыр. Түрлі тәсілдер арқылы халықты әлеуметтік қолдау тетіктері жүйелі түрде жетілдірілуде. Бұл бағытта көптеген ауқымды жұмыстар атқарылды. Ең бастысы, Президент айтпақшы, көмек көрсету тетігі ашық әрі әділетті болып, адамдарды бейқамдыққа емес, еңбек етуге ынталандыруы тиіс.

Қорыта айтқанда, мемлекет тарапынан көпбалалы отбасыларын қолдаудың жаңа жүйесі өмір сүру деңгейін көтеруге жол ашады.

Жамбыл
КЫРҒЫЗБАЙ

табысқа қарамастан, берілетін мемлекеттік жәрдемақыға ауыстыруды ұсынамыз. Бұл көпбалалы аналардың беделін мойындап, олардың әл-ауқатын арттырудың бір жолы», – деді.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап әлеуметтік қолдау шараларының кешенді тәсілі мен атаулы сипатын қабылдауды қарастыратын заң жобасын түсіндіру төңірегінде мына мәселелерге барынша назар аударылды.

1) 4 немесе одан да көп көмекке толмаған баласы бар немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студенттері бар барлық көпбалалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы енгізіледі.

2) Отбасының барлық мүшелеріне кедейлік шегі мен отбасының жан басына шаққандағы орташа табысының арасындағы айырмашылық ретінде тоқсан сайынғы атаулы АӘК (атаулы әлеуметтік көмек) тағайындау. Бұл жағдайда отбасының жұмысқа жарамды мүшелері жұмыс істеуі тиіс, ал мемлекет жұмысқа орналасуға және бизнеспен айналысуға көмектеседі.

3) Мемлекеттің аз қамтылған отбасылардағы

2019 жылы атаулы әлеуметтік көмек



primeminister.kz

АӘК көрсетудің жаңа моделі кешенді тәсілді және қолдау шараларының атаулылығын қамтамасыз етеді



primeminister.kz

Мәселе

(Басы 1-бетте)

КЕДЕЙ ДЕГЕНІМІЗ,
БАЙ ЕКЕН...

Біз бүгін сол 271 отбасы туралы айтқымыз келеді. Табысын жасырып, ақпараттық жүйеге жалған мәлімет беріп, үкіметтен қарпп қалғысы келгендердің шын пиғылы қандай? Мәселен, халықты жұмыспен қамту орталығының «Атаулы әлеуметтік көмек» секторының ассистенттері сол отбасылардың үй жағдайын тексеруге барғанда көптеген кедергілерге, зорлық-зомбылыққа тап болған. Атап айтар болсақ, Әл Фараби ауданына барған әкімдік қызметкерлерін соққыға жығып жіберіпті. Тәуліктік пәтерді жалған мекенжай ретінде пайдаланып, 3 сағат жібермей ұстап отырғандары да бар екен. Арасында үйіне кіргізбеудің сылтауымен абалаған итін босатып жібергендері де кездескен. «Қрышасы барлары» аға-көкесін алға тартып, соттатып жібермек болып «қорқытады» екен, тіпті. Міне, біздегі масылдық менталитеттің асқынған түрі. Сондағысы, мәселе — ол «байшықештер» далиған үлкен үйінің кіреберісінен бастап мәрмәр таспен көмкерілгенін, гаражында соңғы үлгідегі аса қымбат көліктің тұрғанын, жалпы үйі және тұрмыс жағдайының тым жақсы екенін көрсеткісі келмегендігінде боп тұр ғой.

Әсілі, бұл 21 мың теңге қандай отбасыларға беріледі? Парламент Сенатының депутаты Айгүл Қапбарова: «Үкімет 21 500 теңгені мұқтаж отбасыларды демеп жіберу үшін, белгілі бір кәсіп ашып, өзін-өзі жұмыспен қамтып, тұрмысын түзеп алу үшін тағайындағанын» айтып еді. Сенатордың сөзінен ұққанымыз, бұл отбасыларды өмір бойына үкімет қамтамасыз етеді деген сөз емес. Осы орайда мемлекеттің қаржысын алып, үй жағдайында кәсіп ашып, нәсібін тауып отырғандар бар. Жұмыспен қамту орталығының қызметкерлері бізге мемлекеттің қаржысына шын мұқтаждар мен «жалған мұқтаждар» туралы біраз мәлімет берді. Мәселен, Шымкент қаласында Бигелдинов көшесі, 61-мекенжайда тұратын Жанар Қуанбаева бірінші жартыжылдыققа 272 мың теңге атаулы АӘК (*атаулы әлеуметтік көмек*) алған. 160 мың теңгеге газ плитасын және «Әсел» пеш сатып алып, кондиционер өнімдер істеп сатып жүр екен. Яғни Үкіметтен алған ақшасын мақсатты жұмсаған.

Ал Тельман бөлімшесіндегі Достасқан көшесінің 28-мекенжайында тұратын Наргиза Реджаметова 265 мың теңге алуын алған-ау, оның 100 мың теңгесін — балаларға мектепке киім, 150 мың теңгесін — ауруханадағы қызына, 50 мың теңгесін — үйіне азық-түлікке, 65 мыңын — несиеcін жабуға жұмсаған. Негізі, үй жағдайы өте жақсы.

Қызылжар мөлтекауданындағы Жетісай көшесі, 57 мекенжайында тұратын Гүлноза Әшірметова отбасын толық көрсетпеген, табысын жасырған. Тұрмыстық жағдайы жақсы. Кең сарайдай үлкен үй, есігінің алды толық бастырмамен жабылған. Ауласында соңғы үлгідегі «Джип» көлігі тұр.

Әл Фараби ауданында Сәуле көшесі, 183-мекенжайында тұратын Сәліма Төлегенова балаларына мектепке киім, аяқ киім алған. Үйін жөндеуден өткізген. Зорге көшесі, 3-үйдегі Надира Юлдашева 200 мың теңге алған. Ол ақшаға балаларын балабақшаға орналастырған, ай сайынғы төлемакысын төлеген. Әдемі биік үй, бұның да ауласында соңғы үлгідегі қымбат көлік.

Арасында бастапқыда көрсеткен мекенжайда тұрмай, тұрмысы нашар туыстарының үйін көрсетіп алғандары қаншама. Шындығында, табысын жасырғандардың көбісінің жеке кәсібі, жақсы кірісі бар болып шыққан. Мұны халықтың

шағымына сәйкес құрылған тексеру комиссиясы анықтады. Бұл тұрғыда Д.Беласаров: «Мысалы, қарапайым тұрғындардан «мен мұқтажбын, ал менің көршім мұқтаж емес, бірақ ол осы көмекті алып отыр, ал мен ала алмай отырмын» деген сияқты көп шағым келіп түседі. Соны ескере отырып, қайта тексеру комиссиясын құрдық.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Мырзәгелді КЕМЕЛ,
экономика ғылымдарының докторы

«Қазіргі кейбір жастардың қамсыздығы, ойсыздығы — қасірет. Мәселен, мемлекеттен көмек ретінде берілген 21 500 теңгені алып, гөп өткізіп, гөй-гөйлеткенге мөз. Ал үкімет кейіннен сол ақшаны қысқартып, көпбалалыларға тағайындаса, жата қап патшаны жамандаймыз. Көрек болса даттаймыз. Ал өзіміз не істеп жатырмыз? Неге біз үкіметке қол жая береміз? Негізі, біздің биліктің 21 500 теңгені барлығына бірдей бергені асығыстық болды. Осыдан бес жыл бұрын 78 мың адам әлеуметтік жәрдемақы аласа, қазір оны 2 млн 750 мың адам алсады екен. Оның 750 мыңы шын мұқтаж болса, қалған 2 миллионы «анау алып жатқанда мен неге қаламын» деп қара басының қамы үшін қара аспанды төндіріп, мемлекетке қол жаюға құмрлар. Шын мәнінде, біз өзіміздің кемшіліктерімізді білуіміз керек. Кедейлігіміздің басты себебі — мәдениетіміздің төмендігі, масылдық менталитет, ұсақтық, ескіге құмарлық, Қазақты құтқаратын — қазақтың өзі».

Жасыратыны жоқ, әл-ауқаты жақсы болса да, мемлекеттен көмек алғысы келетін масылдар саны артып барады. Бүгінде анықталған азаматтардың үшеуі ғана өз еркімен бюджетке 828 мың теңге көлемінде қаржыны қайтарған. Ал қалғандарына қолданылатын шара — айқын.

Табысын жасырғаны тағайындау барысында анықталса, тағайындау тоқтатылады. Кейін анықталса, ақша қайтарылады. Қайтармай жатса, сот арқылы іске кірісеміз, — деді.

АРТЫҚ БАЙЛЫҚ АДАМДЫ АЗДЫРАДЫ

Шын мұқтаждың жәйі белгілі. Олардың заңға, құжатқа сауатсыз екенін әсіре пайдаланған жұмыспен қамту орталығының қызметкерлері жемқорлыққа бой алдыруда.

Бұған дейін орталықтың екі бірдей қызметкері ақша алу фактісімен ұсталып, қазіргі таңда сот тергеу амалдары жүргізілуде.

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Ғалымжан Балтаевтың айтуынша, бүгінде шартты түрде тағайындалған 20 317 отбасының табыстары қайта тексеріліп, 3 862-нің әлеуметтік көмекке мұқтаж еместігі анықталды. Осы жүргізіліп

отырған мониторинг нәтижесінде, әлеуметтік төлемдердің



тоқтатылуы халық арасында әлеуметтік тұрақтылыққа кері әсерін тигізуі және әлеуметтік шиеленіс ошақтарын туғызуы мүмкін.

Енді АӘК көрсетудің жана тәсілімделері шығып жатыр. Көмек көпбалалы аналарға көрсетіледі. Бұл орайда, көмек мөлшері отбасындағы балалардың санына байланысты болады: бала неғұрлым көп болса, көрсетілетін көмек мөлшері де соғұрлым жоғары болмақ. Участкелік комиссиялардың өкілеттіліктері күшеймек. Мемлекет еңбекке қабілетті азаматтарға жұмыс табуға көмектеседі. Жаңа ережелерге сәйкес, егер еңбекке қабілетті көмек алушы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларынан бас тартса, онда ол және оның отбасы атаулы әлеуметтік көмектен айырылады.

...Түске жақын қалалық әкімдіктің алдынан өтіп бара жатып, бір топ әйел азаматшаларының шағын шеру ұйымдастырмақ ниеттерін байқап қалдым. Шеруге шығып, шынғырсам, қорыққанынан жағдайымды жасайды деген, бірақ өзі ешқандай әрекет етпейтін адамдардың тірлігі. Мемлекет басшысы әлеуметтік салада әлеуметтік көмек көрсету жүйесін одан әрі дамыту бағытында мемлекет мұқтаж жандарға көмек көрсету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға, атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауға баса мән беретінін айтып жатыр. Тұрмысы төмен отбасылардың несиеcін де жауып берді. Көбей қазақ, қуан қазақ! Бірақ мұқтаждың пен масылдықтың аражігін ажыратып, ал еңжарлықтың соңы жарға жығатынын ұмытпа дегіміз келеді.

Мәриям АЙТБАЙ

АЛЕҰМЕТ



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

БЕС МЫСҚАЛ

Шудан шу шықты

Жамбыл облысының Шу аудандық білім бөліміне қарасты өнер мектебінің директоры пара алды деген күдікке ілінді. Бір қараған кісіге шағын ғана өнер мектебінің басшысы пара алатындай ештеңе байқалмайды. Алайда облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің өкілдері мекеме директорының паракорлыққа қатысы барын дәлелдеп, қазір қылмыстық іс қозғалды.

Хабарламада: «Күдікті «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында бір азаматты қолөнер шебері ретінде жұмысқа қабылдау үшін 150 мың теңге пара сұраған», — делінген.

Күдіктілер қасында жүр

Қарапайым халықтың полиция қызметкерлеріне қалай сенетінін білсеңіз ғой. Бірақ олардың арасында сенуге болмайтындар да бар. Алматы облыстық полиция департаменті мен өзіндік қауіпсіздік басқармасы тәртіп сақшыларының арасынан жемқорлық қылмысқа қатысы бар азаматтарды анықтады.

Мысалы, Алматы облысы Қарасай аудандық полиция басқармасының тергеушісі бір азаматтың сеніміне кіру жолымен 2 500 000 теңгені қолды еткен. Ал Алматы қалалық полиция департаменті Түркісіб аудандық полиция басқармасының участкелік инспекторына қатысты да іс қаралып жатыр. Ол да сенімге кіру және алдау жолымен бір азаматтың қылмысын жеңілдету үшін 1 250 000 теңге сұраған.

150 мың алып,
4,5 миллион төлейді

Ақмола облысы Атбасар аудандық соты аға полиция лейтенанты Н.Тұрғабұла қатысты шешім шығарды. Ол қылмыстық істі жабу үшін бір азаматтан 150 000 теңге пара талап еткен.

Осы істі қараған сот тергеушіні «кінәлі» деп тауып, 4 500 000 теңге шығын өндіруге үкім шығарды. Әрі бұл азамат ендігі жерде мемлекеттік қызметке өмір бойына қайта орала алмайды. Шенінен де айырылды.

Елге қайтты

Норвегияда заңсыз жұмыс істеген отандастарымыз амалсыз кері қайтты. Бұл туралы сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров хабарлады.

Ол: «2019 жылғы 25 қыркүйекте Норвегияның көші-қон органдары маусымдық жұмысқа келген қазақстандық 59 азаматтың заң бұзғанын анықтапты. Көпшілігі туристік визамен кірген. Қазіргі таңда 59 азаматтың барлығы елге оралды. Норвегиядағы елшілігіміз қиын жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты қолдау көрсетті. Дипломаттардың көмегінен аркасында Норвегия билігімен бұл мәселе тез шешілді», — деді.

Норвегия тарапы заңсыз жүрген жерлестерімізді отанына қайтаруға шешім қабылдапты. Осы мәселені дер кезінде шешкені үшін азаматтар елшілік қызметкерлеріне алғыс айтты.

Материалдық залал өндірілді

Алматы қаласындағы Медеу аудандық сотында талап қоюшы азаматтың жауапкер «Н» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен материалдық залал өндіру туралы азаматтық іс қаралды.

Аталған азаматтық іс бойынша сот отырысында тұлғалардан медиациялық келісімді бекіту туралы жазбаша арыз түсіп, оны бекітуді сұрады. Сот жауапкерден 1,7 млн теңгені өндіру жөнінде шешім шығарды.

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Бүгінгі таңда шағын, монокалалар мен аудандарда кезекте тұрғандар саны 210 мың адам (бұл кезекте тұрған жалпы адам санының 40%-ы). 2,5 жыл ішінде оларда барлығы 188 үй (5 мың пәтер) салынған. Оның үстіне соңғы бес жылда бюджет қаражаты есебінен бірде-бір тұрғын үй салынбаған аудандар да бар. Мысалы, Түркістан облысының Сарыағаш ауданында 4 мыңға жуық азамат кезекте тұр. Бірақ соңғы 10

іске асыру кезінде әкімдіктер мердігерлердің шығындарын жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен өтейді (несиелік тұрғын үйдің 1 шаршы метрін салу мен өткізу құны: өңірлерде — 140 мың теңге, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында және олардың қала маны аймақтарында, Шымкент, Ақтөбе, Атырау, Ақтау және Түркістан қалаларында — 180 мың теңге).

Бұдан басқа, құрылыс компанияларына соңғы 2,5 жылда 2,7 млрд теңге сомасында субсидия бөлінген. Көріп тұрғанымыздай, халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге арналған

өңірлерге 88 млрд теңге бөлінген. Мәселен, осы мерзім ішінде 114 мың жер теліміне инженерлік-инфрақұрылым (сумен, электрмен, газбен жабдықтау) тартылды (2016



жылы — 98 мың жер телімі). Бірақ-та, осы жер телімдерінде жеке тұрғын үйлер құрылысы әлі

жүргізіліп жатқан жоқ. Бұл жайт өңірлердегі әкімдердің нашар жұмысын, ал уәкілетті орган тарапынан бақылау мүлдем жоқтығын көрсетеді. Мысалы, Аягөз қаласына (Шығыс Қазақстан облысы) 2018 жылы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды тартуға 560 млн теңге бөлінген болатын (сумен жабдықтауға және электрмен жабдықтауға). Дегенмен, бұл жұмыс жүргізілмеген, ал әкімдік те, бақылаушы органдар да бюджет қаражатының мақсатқа сай пайдаланылуын тексермеген. Төртінші. Үйлерді салудағы сапасыздық. Тұрғындар салынған үйлердің, ғимараттарды тұрғызу және әрлеу кезінде пайдаланылатын құрылыс материалдарының сапасына және коммуникацияларда орын алған проблемаларға көп шағым айтуда.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің ақпаратына сәйкес, елімізде былтырдың

өзінде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары (МСКБ) салынып жатқан объектілерге жүргізген бақылаудың қорытындысы бойынша мемлекеттік бағдарлама

шөңберінде пәтерлердің сапасыз салынғаны үшін 1,5 мың субъект 550 млн теңге сомасына әкімшілік жауапқа тартылған. Осындай компаниялар қалайша тұрғын үйлер салып жатыр? Әкімдіктер — тапсырыс берушілер сонда қайда қарап отыр?

Бесіншіден, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыратын операторлардың шамадан тыс болуы да түйткілді мәселе. Қазіргі уақытта «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін 8 оператор («Бәйтерек» холдингі, «ТҚЖБ» АҚ, «Бәйтерек девелопмент» АҚ, «КИК» АҚ, «Samruk-kazyna construction» АҚ, «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ, «Даму» АҚ, «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ) және екінші деңгейдегі банктер тартылған. Тұрғын үй бағдарламасын таңдау кезінде мұндай операторлардың қызметі халыққа түсініксіз және баспананың, несиеcін берілу шарттарын барлығы бірдей біле бермейді. Сол себепті бәріміз бірлесе істейтін жұмыс аз болмай тұр.

ҮЙ КЕЗЕГІ
50 ЖЫЛҒА
СОЗЫЛАДЫ...

жылда бұл ауданда тұрғын үй салынбаған және кезекте тұрған 36 адам ғана тұрғын үй алған. Ақмола облысының Шортанды ауданында 600 адам кезекте тұрса да, 2013 жылдан бері ешкімге баспана берілмеген.

Шығыс Қазақстан облысының Аягөз қаласында 1 мыңға жуық адам кезекте тұр. Бірақ соңғы 25 жылда бұл қалада бірде-бір көпқабатты жана тұрғын үй салынбаған. Өкінішке қарай, мұндай жағдай басқа көптеген аудандарда да бар. Сондықтан да уәкілетті орган мен әкімдіктер шағын, монокалалар мен ауылдарда тұрғын үй салуда да ерекше назар аударып, осы мақсатқа арнал жергілікті бюджеттен қаражат қарастыруы қажет.

Екінші — бюджет қаражатын тиімді жұмсамау және дайын тұрғын үйді бөлу мәселесі.

Сметалық құны мемлекеттік бағдарламада белгіленген баға параметрлерінен асып кететін несиелік тұрғын үй жобаларын

несиелік тұрғын үй салу кезінде мемлекет орасан зор қаражат қарастырып отыр. Өз кезегінде салынған тұрғын үйді өткізу ережесінде тұрғын үйдің кемінде 50 %-ы кезекте тұрған адамдар арасында бөлінетіні, оны беру мерзімі 6 ай екені, осы мерзім өткен соң тұрғын үй кезекте тұрмайтын басқа азаматтарға берілетіні көзделген. Осыған байланысты, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы несиелік тұрғын үйді беру тетігін қайта қарап, кезекте тұрған адамдарға берілетін тұрғын үй санын 70 %-ға дейін көбейту және қосымша қаражат бөлу қажет.

Үшінші мәселе — инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу және оны пайдалану жұмысының жеткіліксіздігі. Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес 2017-2019 жылдары бұл бағыт бойынша жеке тұрғын-үйлер салу үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тартуға республикалық бюджеттен



Ұлт саулығы

Елімізде денсаулық сақтау саласында мемлекеттік бағдарлама аясында орасан зор жұмыстар жүргізіліп келеді. Оның ішінде адам өміріне қатер төндіретін дерттер бар. Айталық, асқорыту органдарының аурулары қатерлі дерт қатарына кіреді екен. Созылмалы вирустық гепатит (СВГ) және оның барлық даму кешені – фиброз, цирроз және гепатоцеллюлярлық карцинома ерекше әлеуметтік маңызға ие. 2019 жылдың 9 айындағы мәліметтер бойынша, елімізде созылмалы С гепатиті бар 27,645 мың науқас, созылмалы В гепатиті бар 19,333 мың науқас (дельта-агенттерсіз) және созылмалы Д гепатиті бар 1,290 мың науқас (дельта-агентпен ХГВ) есепте тұр. 2018-2019 жылдары вирусқа қарсы терапияны барлығы 13 405 науқас алды. 2019 жылы С вирусты гепатитімен ауыратын 11 мың және В гепатитімен ауыратын барлық мұқтаж науқастарға жаңа режимдермен вирусқа қарсы терапия өткізу жоспарлануда. Бұл мәліметтер Алматыда өткен VI халықаралық «Орталық Азия гастроэнтерологиялық апта – 2019» конгресінде айтылды.

Конгресс қатысушылары асқазан-ішек жолы ауруларына диагностика жасау және оларды алдын алу мәселелерін, ауруларды төмендету жолдарын, АІЖ қатерлі ісік алды емдеу, гастроэнтерология саласында аз инвазивті және хирургиялық көмек көрсету мәселелерін, оның ішінде бауыр трансплантациясы мәселелерін талқылап, аймақ клиникаларындағы жаңашыл емдеу тәсілдері мен оларды енгізу туралы тәжірибемен бөлісті. Вирусты гепатитпен күресу қажеттілігін түсіне отырып, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) 2016–2021 жылдарға вирустық гепатит бойынша денсаулық сақтау секторының жаһандық стратегиясын қабылдады. Стратегияның мақсаты — 2030 жылға қарай халық денсаулығына төндіретін ауыр дерт ретінде вирустық гепатитті жою ДДСҰ стратегиясына негізделе отырып,

көптеген мемлекеттер өздерінің ұлттық жоспарларын қабылдады, одан біздің ел де шет қалмады.

Қазақстанда 2017 жылдан бастап парентералдық гепатиттердің алдын алу және оның салдарын алдын алу жөніндегі жол картасы іске асырылуда. Жол картасы аясында нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, денсаулық сақтау ұйымдарының кадрлық әлеуеті мен материалдық-техникалық базасын күшейту, созылмалы вирустық гепатиттердің зертханалық диагностикасының

колжетімділігі мен сапасы жоғарылату, созылмалы вирустық гепатиті асқынған науқастарды

ДДСҰ конференциясы өтті, біз алғашқылардың қатарында 2017 жылы жол картасын жасадық. Соған сәйкес, 2018,588 мың пациентке ем жүргізу жоспарланып отыр. Олардың 12 мыңы бүгінгі күні вирусқа қарсы терапияны аяқтады. Тек 12 мың пациент қана емдеуге жауап бермеді. Осылайша терапияның тиімділігі 99%-дан астамды құрайды. Бізді алда СВГ күресу бойынша ауқымды жұмыс күтіп тұр. Міндеттердің қатарында — зертхананың аккредиттеуін өткізу, СВГ анықталған жағдайлардың эпидемиологиялық тергеу жүйесін енгізу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді, тіркеу (*регистрлер*) жүйесін жетілдіру және оларды толыққанды



ЖАҢА БЕЛЕС

қоса, медициналық көмек алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету жүргізілуде. Алдын алу шараларына үлкен назар аударылады. Медицина

пайдалану, сондай-ақ қызметтер мен ұйымдардың өзара іс-қимылын күшейту», — деп түсіндіріп өтті. Апталық аясында кәсіби қауымдастық өкілдері талқыға алатын гастроэнтерологиялық тәжірибенің



«Халық денсаулығын нығайту және қорғау тек тиісті стратегияларды дамытуды және түрлі тіршілік салаларындағы ресурстарды жұмылдыруды ғана емес, сондай-ақ мемлекеттің, жұртшылықтың және халықтың осы бағыттағы қызметін интеграциялауды қамтамасыз ету үшін орнықты және тиімді негіз жасауды талап етеді. Үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамытудың негізі қоғамдық денсаулық қызметін (бұдан әрі – ҚДҚ) қалыптастыру болмақ»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасынан)



жағдай отандық мамандарды мазаландырады.

Қазіргі кезде қазақстандық медицина қызметкерлеріне ең бастапқы сатысында ішектің қабыну ауруларын анықтауға мүмкіндік беретін диагностикалық процедуралардың кең мүмкіндігі бар. Жыл сайын елімізде ІКА емдеу үшін арналған дәрілік

препараттармен қамтамасыз ету жақсарып келе жатқанын сарапшылар қадап айтты. Қолда әрқайсысы ерекшеленетін бірнеше биологиялық препараттар бар, кез келген құралды таңдау нақты жағдайға байланысты болады. Дүниежүзілік фармацевтикалық индустрия ІКА биологиялық терапиясы үшін әрқашан жана, неғұрлым тиімді препараттарды әзірлеуде, ал мамандандырылған зерттеулер дәрігер-практиктерге дұрыс дәрі мен емдеу стратегиясын таңдауға көмектеседі.

С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ гастроэнтерология кафедрасының доценті, Ішекті зерттеу жөніндегі қазақ ғылыми қоғамының тұрайымы Жәмилә Қайбуллаеваның айтуынша, ішектің қабыну аурулары терапиясының негізін аминосалицил қышқылдары, жергілікті және жүйелі кортикостероидтар, иммуномодуляторлар, сондай-ақ көмекші дәрілік құралдар — антибиотиктер, темір және кальций препараттары құрайды.

Ол: «2005 жылдан бастап дүниежүзінде ІКА емдеу үшін кенінен биологиялық терапия қолданады. Нәтижесінде ота жасау санын елеулі төмендетуге қол жеткізілді, бұл науқастардың тұрмыс сапасына оң әсер етті», — деді.

Елімізде биологиялық терапияны жүргізу 2010 жылы Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ негізінде басталды. 2013 жылдан бастап ішектің қабынуымен ауыратын науқастарды емдеу, оның ішінде биологиялық терапияны мемлекет өтейтін болды. Ал жуырда теріасты терапия тәсілін амбулаторлық қамтамасыз етуге көшіру шешімін қабылдады. Бұл емделушілердің тиімді емдеуге қол жеткізуін айтарлықтай кеңейтеді.

Қорыта айтқанда, елімізде Денсаулық сақтау саласын

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізіледі. Тұрғындар екі түрлі медициналық пакет бойынша көмек алады. Яғни көлесі жылы кепілдендірілген медициналық көмек және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі жүреді. Осыған орай, сақтандыру жүйесін тұрғындарымыз қалай қабылдады? Қай санаттарға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жарнасы мемлекет тарапынан төленеді? Жүйенің тиімділігі неде? Осы сынды бірқатар сұрақтарға Алматыдағы №7 қалалық клиникалық ауруханасы медициналық статистика бөлімінің меңгерушісі Мақсат Болатұлы жауап берді.

Жас qazaq: Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі туралы не айтар едіңіз?

М.Болатұлы: Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу бірнеше рет белгілі бір себептермен кейінге қалдырылды. Себебі бұл жүйені енгізу барысында түрлі мәселелер орын алған еді. Мысалы, еліміздегі 2 миллион адам мәртебесі анықталған тұлғалар қатарына жатады. Олар мемлекетке ешқандай салық төлемеген кәсіп иелері. Яғни бұл топтағы адамдардың белгілі бір тұрақты жұмысы жоқ. Мысал ретінде базардағы саудагерді, такси жүргізушісін, осыған ұқсас басқа да азаматтарды айтуға болады. Сондықтан Елбасы алғашқыда бұл жүйеге мораторий жариялады. Өйткені жоғарыда атап өткен топтағы тұлғалар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қалай қатыса алады? Міне, осы мәселені нақтылау керек болды. Мамандардың сараптауы нәтижесінде белгілі бір шешім қабылданып, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап осы жүйені енгізу түбегейлі шешілді. **Жас qazaq:** Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін қарапайым халыққа түсіндіру жұмыстары қалай жүзеге асты?

М.Болатұлы: Қазіргі таңда №7 қалалық ауруханада міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша науқастарға, олардың туыстарына жүйенің тиімділігі жан-жақты түсіндірілуде. Мәселен, мемлекеттік кепілдендірілген медициналық көмек беру жүйесімен МӘМС жүйесінің қандай айырмашылығы бар? Оған кімдер мүше бола алады? Осыған жауап берейін.

Қазіргі таңда мемлекет медициналық сақтандырылған немесе сақтандырылмаған барлық тұлғаларға

азаматтарға Үкіметтің бекіткен тізімі бойынша тегін медициналық көмек көрсетіледі. Ол өз кезегінде мемлекет тарапынан ішкі жалпы өнімнің бір бөлігі медициналық көмекке жұмсалады деген сөз.

Жас qazaq: Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасын кім қалай төлейді. Осыны толығырақ түсіндіре кетсеңіз?

М.Болатұлы: 2020 жылдан бастап енгізілетін жүйе мемлекет және жұмыс беруші тарапынан үш жақты жауапкершілікті анықтап,

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ – МЕМЛЕКЕТ НАЗАРЫНДА

бекітілген тізім бойынша тегін медициналық көмек көрсете алады. Ол — өзімізге белгілі жедел жәрдем көмегі. Емханалардағы алғашқы медициналық көмек. Жалпы, елімізде өмір сүретін



«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі жұмыс істейтін халықтың, жұмыс берушілер мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың аударымдары негізінде құрылатын болады. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген азаматтардың жекелеген санаттары үшін жарналарды республикалық бюджет қаражатынан мемлекет төлейтін болады».

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын)

әр адам өз денсаулығына жауапты қарайтындығының кепілі бола алады. Сондықтан жұмыс істейтін әрбір адам, жұмыс берушінің есебінен белгілі бір пайызға дейін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға төлем жасайды. Бұл жүйеде құрылған арнайы қор бар. Сол қорға еліміздің барлық азаматтары жарна аударалы. Егер еш жерде жұмыс істемесе, қала тұрғыны болса, ерікті түрде бір 1, ауылдық жерде болса 0,5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде жарна төлеп отыруы тиіс. Егер ешқандай төлем жасамаса, олар базалық медициналық көмек ала алады. Бірақ МӘМС жүйесінде сақтандырылмаса, бұл санаттағылар толыққанды медициналық көмек ала алмайды. Ал толық көлемдегі медициналық көмек дегеніміз — жоспарлы түрде емдеу. Мысалы, оналту, сауықтыру орталықтарындағы көмекті ала алмайды. Неге десеніз, олар сақтандырылмаған азаматтар санатына жатады.

Сондықтан, біз осы жүйеге тіркелудің мәнін жұртшылыққа түсіндіреміз.



Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар болса, олар ерікті түрде жарна төлегені жөн.

Жас qazaq: Сонда нақты жұмысы бар адамдар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған топтардың жарнасы екі түрлі ме?

М.Болатұлы: Иә, айырмашылығы бар. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жарнасы туралы жоғарыда айтып өттім. Бұл жерде жұмыспен қамтылғандар ұтады. Өйткені өзін-өзі жұмыспен қамтығандар зейнетақы қорына табыс салғын төлемей, тек міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне ғана төлем жасайды. Ал 2020 жылдан бастап жұмыс істейтін адам жаалақысының 1 пайызын, ал жұмыс беруші 1,5 пайызын МӘМС жүйесіне төлейтін болады. Яғни жұмыс беруші жұмыскерінің денсаулығына да жауап береді деген сөз. Оған қосымша мемлекет тағы да төлем аударалы. Бұл жерде әркім өз денсаулығына көңіл бөледі, мемлекет тарапынан да жан-жақты қолдау жасалады деген сөз. Мемлекеттің берер көмегі — қордағы қаржы толықтай сақталады, оған қосымша жұмыс беруші аударалы. Ол әрбір жұмыс істейтін

адам алатын жалақы мөлшеріне байланысты болады. Одан кейін

жұмыс өз жалақысынан 1 пайыз көлемінде төлем аударалы. Яғни үш жақты төлем жасалады. Ал егер еш жерде тіркеуде жоқ, бірақ жұмыспен өзін-өзі қамтыған азаматтар пайыз емес, мүмкіндігіне қарай белгілі бір көлемде қаржыны аударалы. **Жас qazaq:** МӘМС жарнасы қай санаттағы адамдарға мемлекет есебінен төленеді?

М.Болатұлы: Осы жүйенің аясында құзырлы орындар 15 топты анықтады. Олар — мүгедектер, бала күтімі бойынша үйде отырғандар, әскери қызметкерлер мен ІІК, сонымен қатар 18 жасқа толмағандар. Олар міндетті

әлеуметтік медициналық сақтандырылғандар тобына жатады. Нақты 15 топ бар. Сол топтағы азаматтарға емге арналған қаражатты мемлекет төлейді. Жеке кәсіпкерлер де мемлекетке салық төлейтіндердің қатарына жатады. Сонымен қатар олар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасын қосымша төлейді. Мысалы, біздің ауруханада 27 мың адам МӘМС жүйесіне төлем жасайды. Олар толыққанды медициналық көмек алуға. Ал стационарлы көмек алатындар саны 70 мың адамның көлемінде. Егер мүлдем жұмыс істемейтін тұлға болса, ол өзінің тіркелген мекен жайы бойынша жұмыспен қамту орталығына барып, жұмыссыздардың тізіміне ене алады. Ал осындай тұлғаларға да мемлекет МӘМС төлейді. Оның жұмыссыз деген мәртебесі болуы тиіс.

Біздің дәрігерлер сауда орталықтары мен базарларда, адам көп шоғырланған жерлерге барып, аппараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, арнайы акциялар ұйымдастырды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін түсіндіру жұмыстары жыл соңына дейін жалғасады.

Сұхбаттасқан Нұрғұл ЖАМБЫЛҚЫЗЫ

Ұлы Абай ілімі қанша уақыт өтсе де, қандай қоғамдық формациялар өзгерсе де, өзінің ғасырдан-ғасырға жалғасатын даналық құндылығын жоймақ емес. Өйткені Абай өзінің алдындағы Шығыс пен Батыс, Еуропа ойшылдарының еңбектерін зерделеді. Өз уақытынан асып туған бірегей тұлға ретінде жинақталған ой жүйені ұлт кәдесіне жаратуды мақсат етті. Сондықтан да ол ғақлия, яғни қара сөздерге өзін мазалап жүрген ой иірімдерін жинақтады. Бұл кейінгі ұрпаққа даналық, білімділік мәйегін ашты. Сан салалы ой тізбектері әдебиетшілерді, тілшілерді, философтарды, экономистерді, тарихшыларды, сондай-ақ саяси-қоғамдық қозғалыстар жетекшілерін, Алаш көсемдерін қызықтырды. Мұның күдіреті не? Бұл жансебіл көңілдің жүрек түбіндегі дабылы ма? Әрине, Абай сынды ақын қоршаған ортаға, қазақ өміріне бей-жай қарай алмайды. Ол қазақ даласының биігінен жан-жағына кез салады. Өркениетті, білімі мен ғылымы озған елдің тұрмысын зерделейді. Замананың көшіне сыймайды. Өз қазанында қайнаған қазақы тұрмыстың болымсыз, толымсыз жағдайы мазалайды, мазалап қана қоймайды, жүрегін сыздатады, сыздатты деу азық етер, жанартаудай ашындырады, қапаландырады. Осы толғақ жанын қысады. Қайтпек керек? Яғни өз жанын жегідей жеген өмір шындығын, заман шындығын айтпақ керек. Ой қуалайды, кемерінен асып-жығылып жатқан жансебіл көңілдің шерін шығару қажет. Біраз жасқа келдік деп, алысып, жұлысып, айтысып, тартысып өткен күндердің не сабағы бар?! Ендеше, Абайдың қара сөзіне жүгінелік.

мәнін ашып, өзі сактандырып тұрған жок па? Ф. Тютчев «Умом Россию не понять» десе, М.Лермонтов «Прощай немытая Россия» деген. Ол үшін орыстар өз ұлтының ұлы ақындарын табалаған емес. «Пушкиннен анау артық, мынау артық» деп тепсінген емес. Пушкин орыстар үшін күдірет, ал казактын Абайды тепсінугі — қасірет!

ҮШІНШІ СӨЗ

Абай — ұлттық паспорттымыз ғана емес, ұлттық кодымыз. Ол — өз ұлтының озық ойлы данышпан тұлғасы. Ақындықтан бөлек, бірде ғақлия, бірде қара сөз деп айтылып жүрген дана сөздері, ұлттық философиялық ілімнің асыл бұлағы,

Ұлы Абай үшінші қара сөзінде болыс болып сайланған адамдардың күнін қалай өткізетінін жіпке тізіп береді: «бірінші жыл бұлғандығымен өтеді. Екінші жыл кандидатпен андысып күні өтеді. Үшінші жыл тағы болыс қаларға жол іздеумен күні өтеді» [9-6].

Абай болыс білімді адам болу тиіс деген ойды алға тартады. Орысша білім алған кісі болса, халыққа пайдалы болар еді деп ой түйеді. Өйткені ғибратты жол және

...Өміршілдік — Абай дүниетанымының ең терең және етене қабаттары еді.

...Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. ...Абай армандары — тек бір ғана ұлт ұстанатын мұрағаттар емес, күллі адамзат ұстанатын мұрағаттар...», — деп.

Демек, Абай ілімі бүгін де қажет, ертен де қажет бола береді. Ілімі тозбайды, ілім оздырады.



АБАЙ ІЛІМІ: ДАНАЛЫҚ пен ДАРАЛЫҚ

Соны аршып алып, ұлт мұратына жұмсау керек. Абай ілімі осылай дейді, Абай ілімі осыны меңзейді.

ЕКІНШІ СӨЗ

Өз ұлтыңды сүю оны құр асыра мактауды қажет етпейді. Сондықтан да Абай қара сөздерін бұра тартып, «өз ұлтын жамандаған» деген әлдебір сөздер айтылып та, жазылып та жүр. Бірақ ұлтқа жол сілтеу, қалай қарай жүру керектігін көрсету үшін адамның өз бойындағы кемшілігін түзеуі хақ. Сол себепті Абай ашы болса да алмас қылыштай ұлт кемшілігін кесіп түседі, қамшымен осып түседі. Жалған намыс жарға жығалды. Өз мінің көре алмаған халықтың болашағы бұлыңғыр. «Жығылып жатып, сүрінгенге күлудің» кебі бұл. Аркадан қамыс әкетіп үйінің төбесін жабатын тәжіктігі дұрыс па, әлде осыны келемеж тұтып «шүлдіреген тәжік» деп мығынан күлген қазақтікі дұрыс па?

«Ноғай дегенше, ноқай десенші» деп күлген қазақтікі дұрыс па, әлде солдат болып, «башалшік» (*бакалейщик* — У.К.) болып сауда жасаған ноғайдікі дұрыс па?

«Орыс ойына келгенін қылады» деген... не айтса соған нағады» [1. 7-6] деп сақ-сақ күлген дұрыс па, әлде ілімі мен білімін қатар өрбітіп, өзге ұлтты мағалай жұмсаған орыстікі дұрыс па?

Абай осыны ой елегінен, өмір тезінен өткізеді. Содан ой түйеді. «Сарттың екпеген егіні жок, саудагердің жүрмеген жері жок, қылмаған шеберлігі жок. ...Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Әке балаға қимайтұғын малыңды кірелеп сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған сон да, орыстың өнерлерін бізден

қайнар көзі. Ол өз бойына тек қазақ халқының ғана емес шығыс пен батыстың, Еуропаның озық ойынан синтезделген ескелген, сарапталған білімі.

Абай өз ұлтының мінін, кейбір табиғатын сынау арқылы ұлтты түзеудің жолын іздейді. Бәз біреулер Абай өз ұлтының, өз халқының мінін жұртқа жайған дегендей де пікір айтқанын білеміз. Бірақ шындығына келгенде, Абай өзі жинақтаған ілім-білімді халқын түзеу үшін, өзге елдердің қатарында болу үшін «не істеу керек?» деген сауалдарға жауап іздейді. Ұлы данышпанның 3-ші қара сөзіне аз ғана зер салып көрейікші.

«Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, өздерінің жалқау болатының себебі не?», [сонда, 8-6] — деп сұрақ қояды да соған жауап іздейді. Жоғарыда айтылған мысал әлі күнге сол күйінде тұр. Алысқа бармай-ақ өткен ғасырдағы репрессия жылдарын алайық. Бірін-бірі көрсеткен, домалақ арыздардың есебінен Алаш арыстары мен 80 мың интеллигенция өкілдері атылып кетті. Тіпті ашаршылық, колхоздастыру кезіндегі жайлардың да саяси ғана емес, экономикалық астарлы жағдаятын қайда қоямыз?! Кімнен жасырамыз? Тіпті ВКБ-ның XVIII съезінде Украинадан кейін көп қырылған қазақ халқы екені мойындалған болатын.

Мұның себеп-салдары неде? Абай бабамыз мұны былай түсіндіреді: «Әрбір жалқау кісі — қорқақ, мақтанғыш келеді.

«Әрбір мақтаншақ — қорқақ, ақылсыз, надан келеді, әрбір ақылсыз — надан, арысз келеді, әрбір арысз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жок жандар шығады» [сонда, 8-6]. Міне, бұл бүкіл ұлтқа құл шашу емес,

адам бақыты еңбекте екенін түсіндіреді. «Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» [сонда, 9-6] дейді данышпан бабамыз. Бұл бүгінгі күнін де басты бағыты екенін өмір көрсетіп отыр. Сондықтан да Абай ілімі ешқашан ескірмейді. Ол біздің әрбіріміздің жүрегімізде шамшырақ болып жануы тиіс.

ТӨРТІНШІ СӨЗ

Өмірдің мәні Абай үшін бос өткен уақыт та, арзан күлкімен өтер жылдар да емес. Ойсыз, арысз, мәнсіз күлкі мас адамның кейпін көз алдына әкеледі. Ғафилдік, яғни ойсыз өмір сүретін адамдардың бұл дүниеде де, ақыретте де жаны жай таппақ емес.

Ұқыптылық, әр нәрсені пайымдап, үйлестіріп, мын ойланып, мын толғанып шешетін адамның тірлігі онды, өмірі мәнді. Демек ол адамның өмірі бақытты, соны кенішті.

Уайым-қайғысыз өмір бола ма? Әрине, жоқ. «Жатқанға жан жуымас» деген осындай өмір тәжірибесінен алынса керек. Сондықтан да Абай еңбек етуді, қарекет жасауды жөн деп біледі.

Біреуді табалап күлме. Оның қамсыз қарекетіне күйін, ызаланып күл. Жақсылықты танып күл. Одан рахат аласың, ғибрат аласың. Ғибратты адам саликалы адам. Ол өз кемшілігін өзі түзей алады. Бұл бос масаттауды тоқтатады, өтірік, бояма күлкіден сақтан. «Адам баласы жылап туалы, кейіп өледі» [сонда, 11-6]. Абай қысқа ғана ғұмырды босқа, «жарамсыз қылықпен» құр өткізуге қарсы. Міне, осындай тығырықтан шығаратын жол бар ма? Абай ақын бар дейді. Ол үшін... «әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп» еңбек ету қажет. Сонда қара жер иилі, еңбегіңнің зейнетін көресің. Көз сүзіп, тіленіп өмір сүру ит өмірмен пара-пар. Міне, Абай жай ғана ой айтпайды. Ол өз заманының, болашақ дәуірінің жастарына тығырықтан шығатын жолды нұсқайды. Еңбек ету, өмірден өз орнында табу — адамдық жол. Сонда берекелі өмір сүресің. Осы принцип кез келген қоғамның алдында тұрған міндеттерді айқындайды. Бүгінгі заманға жүгінелік. Елбасы Н.Назарбаев: «...Абайдың аты жаңаша асқақтап, халқымыздың мәртебе-мерейі жана биікке көтерілумен келеді.

...Бір кезде абзал ақынымыздың асыл мұрасының таптық идеология табанында тапталып қалмай, жаңа ұрпақтармен бірге жасайтын мәңгілік құбылысқа айналғанына қуандық.

...Абайды Абай қылған қилы тарихтың қырық қатпар шындығы қазіргі заманалық құбылыстармен тікелей жалғасып жатыр.

Абай ...ғаламат тәуекелге бара алған ерекше парасат пен ерекше рух иесі.

...Халқына жаны шындап ашитын қайраткер орға жығатын емес, өрге бастайтын жол сілтейді.

...Абай қазақтың суырып салма поэзиясын шын мәніндегі реалистік жазба поэзияға айналдырушы...

Ұқыптылық, әр нәрсені пайымдап, үйлестіріп, мың ойланып, мың толғанып шешетін адамның тірлігі онды, өмірі мәнді. Демек ол адамның өмірі бақытты, соны кенішті.

Уайым-қайғысыз өмір бола ма? Әрине, жоқ. «Жатқанға жан жуымас» деген осындай өмір тәжірибесінен алынса керек. Сондықтан да Абай еңбек етуді, қарекет жасауды жөн деп біледі.

БЕСІНШІ СӨЗ

Өз ұлтының кем-кетігін түгендеу үшін өз халқының жақсы мен жаман әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін білу керек. Сондықтан да ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүріп мал таппақ болған әдеттен арылу қажет. Абай сондай ойсыз, жетесіздікке жетелейтін мақал-мәтелдерді ұлт үшін кесел деп біледі. Басқасын былай қойғанда «қарның ашса — қаралы үйге шап» деген сияқты мақалдың адам табиғатына жанаспайтынын сынайды. Яғни орынсыз жасалған мақалдарды перде етіп өмір сүруге болмайды. Мал табу үшін «ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен» [сонда, 12-6].


Абай «тозақтан да қорықпайтын» осындай қазақы өмірден қорқалды. Одан сактандырады. Іздеген еліміз сол ма» деп күйінеді.

Ұлы ақын феодалдық-патриархалдық қазақ қоғамының жай-күйіне мазаланады. Ел не болып барады? Қайда бара жатыр? Осы ойлар ойшыл жүректі тілгілейді. Қолдан келер қайран болмаған соң оны зерттеп айығар жолды іздейді. «Әйтеуір бір жаңа заман келер, сол заманда қазақ сүйреп жүрген ағайындылар, бірге туғандар аз ба? Сондықтан Абай ілімі ешқашан ескірмейді. Ұлт Абайды жатқа біліп, содан ғибрат алса ғана өркениетке жетпек.

Абай ілімі — өркениет ілімі. Ұмытпайық!



Уәлихан КАЛИЖАНОВ,
ҰҒА академігі Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері



БІРІНШІ СӨЗ

«Енді жер ортасы жасқа келдік: қажылық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің бәрін баянсызың, байлаусызың көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз?» [1. 6-6].

Иә, Шекспир «Быть или не быть?» деген. Ал А.Чернышевский «Что делать?» деген сұраққа жауап ізледі. Ал Абай ше? Ол да сан тарам ойларға берілді, бірін тапты, бірін жоғалтты, бірінен көңілі қалды. Бірақ жауап іздеу қашанда ешкімге оңай соқпаған. Абайға да... «Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен» адам мың ойланып, мың толғанды. Азапты ой шырмауықтай қысып, жан алқымаға алды. Және оның жауабын іздеу Абай ілімінің орнығуына өкелді. Осылай «толық адам» концепті өмірге келді. Яғни жалғыз адам алысады, жол көрсетеді. Бірақ оны іліп алып дамытатын қоғам бар ма? Ақын күйзелісі осыны меңзейді. «Мынмен жалғыз алыстым кінә қойма» деп запыран атты ақын баба.

«Ғылым бағу? Жок, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жок. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың? Елсіз-күңсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі — бір тез қартайтатұғын күйік» [сонда, 6-6].

Сонда не істеу керек? Софилық жол керек пе? «...тыныштық жок, осы елде, осы жерде не қылған софилық!» (сонда, 6-6).

Бұл дана адамның жүрекжарды сөзі. Әлі де ескірмеген сөз. Қазақстан бүгін де Абай айтқан сан салалы сұрақтарға жауап іздеп келеді. Сондықтан да Елбасы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні — бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана», — [2. 1-6] деп жазды. Бұл — ұлы Абайдан бастап алған Елбасының бағдар жолы. Оны ұғатын жүрек, көретін көз керек.

Иә, Абай «өз сөзім өзімдікі» деп заманына болашағына сыр актарады.

олар көп үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық — бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда» [сонда, 7-6].

Иә, Абай шындықты жайып салды. «Орысқа айтар сөз де жок, біз құлы, күні құрлы да жоқпыз» [сонда, 7-6]. Сонда кім кімге күледі? Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда? Осындай шындықты айтқан Абайға қалай мін тағуға болады? Ол тамыршыдай қазақтың өз кеселінің, өз ауруының

бұл ұлттың арасында осындай мінез-құлық бар екенін айта отырып, ұлтты тезге салу мақсаты тұр.

Оны қалай түзеуге болады? Ол үшін Абай малды көбейту қамын емес, егін, сауда, өнер, ғылым секілді нәрселерге ұмтылу қажеттігін ескертеді.

Міне, Алаш көсемдері, Ұлы Абай ілімінен нәр алған, оны ұлттық идеологиясының нысаны етіп алады. Сондықтан Алаш идеясы ұлы Абайдан басталғаны анық.

Абай жазалы: «Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік «шапты, талады» деген әртүрлі уголовный іс көрсетіп, арыз береді» [сонда, 9-6]. Міне, осы қазақы кесел жойылып бітті ме? Жок.



Елімізде халқымыздың игілігі жолында жемісті еңбек етіп жүрген жастар аз емес. Бүгін біз солардың бірі де бірегейі, талантты фотограф жігіт туралы сөз етпекпіз.

Мұрат Қызырұлы осыдан 10 жыл бұрын «Сұңқар» фотостудиясын ашқан. Қазір өзі

Жаңғыруға

бас фотограф, өзі дизайнер. Бөрінен де фотоөнердің ерекшелігін жақсы білетін, кез келген нәрсені фотоға түсіруді шебер менгерген жігіт дем де Алматыға танылып үлгерді. Атап өтерлік ең басты ерекшелік — мұнда ұлттық киімдерді жалға алып немесе сол жерде қалаған киіммен суретке түсіп, өзіңізге қайталанбас сыйлық жасай аласыз.

Ол әңгімесін: «Фотостудияны ашқандағы мақсатымыз — ұлттық өнерді қалай насихаттасак деген ой еді. Халық асыл өнерімізге үлкен концерт пен Наурыз мерекесінде ғана көңіл бөледі немесе куә болады. Ал ұлттық киіммен жүрген кісіні көшеден көре алмайсыз. Ендеше, жұртты ұлттық киім киюге дағдыландырудың, мұраларымызды насихаттаудың жолы қандай? Мұның бір жолы — фотоға түсіру. Ойлана келе, бар байлығымызды жас ұрпаққа жаңаша жеткізуді қолға алдық», — деп бастады.

Мұраттың мақсатты жұмысы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында

жаңаша үлес

«Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты — сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет».

(Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты ақаласынан)

атап көрсетілген пікірмен өте үндесіп тұр. Шын мәнінде, ұлттық өнердің өзегі болып табылатын киімге баса назар аудару арқылы жас ұрпақты жақсылыққа тәрбиелей аламыз. Бұл халқымыздың қазынасынан сусындататын ең ұтымды насихат.



Мәселен, қазіргі уақыт ағымына сай фотосессияға, тойда lovestory-ға түсу сәнге айналып барады. Ұлтымыздың өрендері көзге жылы көрінетін, киім кию стилін түбегейлі өзгертетін ұлттық нақыштағы суретке ерекшеленіп түскісі келеді. Осы орайда фотонның қай түрін тандаса да талапқа сай қызмет көрсететін «Сұңқар» фотостудиясы жақсы дүниелерді жария етуде алда келеді.



да әсте сақтарлықтай болуы үшін, тіпті фотоальбомын да ою-өрнекпен әдіптеу — жақсы құбылыс. Бұл тұрғыда біздің бастаған шаруаңыз өнеге боларлық», — дейді Бақыт. Мұрат Қызырұлы кез келген жұмыстың өз ауыртпалығы болатындығын да тілге тиек етті.



Айталық, өзінің алдына қойған мақсатына жету үшін фотоаппаратынды құшақтап, ойда жүрген көріністі түсіре салу аз. Шындап келгенде, барлық суретті үлкен дайындықпен түсіру қажет. Өз ісіне берілген фотографтарға қатал қыс та, нәсер де, аптап ыстық та бөгет бола алмайды.



Тау-тасты кезіп, шыңға да шығады. Жолда адасып, аш қалатын күндер де болады. Міне, осы қиындықтарға фотографтар ғана төзе алады. Ал көңілін қалаған суретті түсіргенде, жүйкені жұартқан ауыртпалық сол мезетте-ақ ұшты-күйлі жоғалады. Мұндай шығаландар мен бақытты сәттерді Мұрат талай мәрте басынан өткерген.

Сонғы жылдары ұлттық киім брендке айнала бастады. Бұған азаматтардың атадан балаға жеткен құнды киімдерді киіп фотоға түсу әсер етсе керек-ті. Мұрат та мақсатына бір табан жақындап келеді. Іскер жігіт ұлттық нақыштағы киімдерді пайдалану арқылы қазақ фотоөнерін дамытуға мықтап қадам басты. Елбасының өзекті мақаласында айтылғандай, көне мәдениетімізді, дәстүрімізді жаңғыртуға кіріскен «Сұңқар» 10 жылда елімізге танылған бірден-бір фотостудияға айналды. Той-томалаққа, түрлі кештерге, ұлттық дәстүрде түсірілім ұйымдастыру кезінде азаматтар осында хабарласып, керек-жарағын жалға алып жатады. Осылайша «Сұңқар» рухани жаңғыруға жаңаша үлес қосып келеді.

Ғалия КАЛИЕВА



(Басы 1-бетте)

Иә, біз де «Геннадийден қорқатындар көбейді» деп ертеректе айтқанбыз. Шынында да, кәсіпқой бокстан мексикалық Сауль Альвареспен өткен екі жекпе-жекке дейін Геннадий Головкин бүгінгі замандағы «ең қорқынышты боксшы» атанған. Қорқынышты болмай қайтсін, кәсіпқой бокстағы 37 кездесуде де қарсыласын қан-жоса етіп сабап, 33 жекпе-жекті нокаутпен аяқтап жатса! Геннадий қарсыласының бет-жүзіне қарамайды, аты-жөнін сұрамайды, бірден соққының астына ала жөнеледі.

Bleacher Report порталы жасаған рейтингте 28 жекпе-жек өткізіп, оның 25-ін мерзімінен бұрын аяқтаған жерлесіміз осылай әлемдегі ең қорқынышты боксшылардың көшін бастап еді. Жоғарыда айтып

Альварес одан үш жыл бойы қашып жүрді. Себебін әркім әртүрлі айтады. Кім не десе де Альварестің Головкиннің «қылышынан қан тамып тұрған» сол кездері сескенгені рас. Оның бір жас болса да қартайғанын, қимылының кеміп, соққысының босансығанын күткен де болар. Жан-жақтан жасалған қысымнан кейін жекпе-жек өткізуге әзер көнген. Головкин туралы гу-гу әңгіменің басталғаны да осы тұс.

Алайда Гена мырза өз кезегін күтіп жүрді. Отыз жетіге келсе де сыр бермей, қолғабын шегеге ілер сәтте шаршы аланнан басын жоғары ұстап кеткісі келген болар. Басқа амал болмаған соң кезінде «арландар» сапында өнер көрсеткен С.Деревянченкомен IBF, IBO тұжырымдары бойынша чемпиондықты сарапқа салуға тура келді. Бұл жекпе-жек өтті. Жұрт Геннадий мен Сергейдің әлеуетін байқады. Даңқты жерлесіміз кездесудің басында қарсыласын

Ел абыройын асқақтатты



«Отандық спортшылар жетістіктерінің халықаралық деңгейде мойындалуы ең маңызды нәтиже болып табылады»

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

өткеніміздің дәлелі ретінде «Головкин ешкімді аямайды. Ол шаршы алаңға қарсыласын тек ұрып-жығу үшін ғана шығатын секілді. Жалпы, бұл тізімдегілердің бәрі қорқынышты. Ал Головкин олардың кез келгенінен қорқынышты» деп еді сонда портал тілшісі.

Головкиннің еш елге қатысы жоқ. Головкин аяғының башпайынан шашының ұшына дейін — қазақ! Қазақстанда туды, осында өсті, бокстың әліппесін де осында үйренді. Енді әлемдік деңгейге көтерілген кезде оған ие болатын «ағайындары» табылуда. Өздерінің Пирогы да, Ковалеві де Головкинге тең келмейтінін сезген соң не десін? Бірдене айту керек қой енді. Мықты болса, сәл ертелеу иемдену, жастайынан алып кетіп тәрбиелеу керек еді. Талдықорғандық Волопыанов секілді. Бірақ ол да бокстың әліппесін Қазақстанда үйренген, қазақ бокс мектебінің түлегі. Кейін әлемді бағындырды. Оның бұл деңгейге жетуіне, әрине, ресейлік бапкерлердің де үлесі бар. Ал Головкинге ешкімнің таласы жоқ. Оны өзі де айтып жүр. «Мен Қазақстанда тудым, осында анам тұрды», «Әкем — орыс, шешем — кәріс, ал өзім — қазақып!».

Бұдан артық қалай айтасыз? «Мен — орыспын» десе, біреу басын шауып ала ма? Ол өзін «қазақып!» деп мақтан тұтады. Кім не десе, о десін, бұл — біздің Головкин! Қазақстанның, Қазақ елінің спортшысы!

Біз Головкинді талай былғары қолғап шеберінің жүрегін шайлықтырған гүрзі жұдырықты боксшы ретінде білеміз. Онымен кездесуге батпай, қорқақтап жүрген боксшыларды да көрдік. Керісінше, Генамен тым болмаса бір рет жұдырықтасып қалуға тырысқан «сен тұр, мен ағайындардың» пайда бола бастағанына да күй болдық. Себеб?

Головкин кейбір жекпе-жегінде қарсыласымен тым жақын, бетпе-бет келіп, өзіне әдейі соққы дарытқан кездері де болды. Ол — «Головкин де адам ғой, оған да соққы дарытуға болады екен» деген тәсілі деп ұқтық кезінде.

Бүгінде осы салмақтағылардың көшін бастап тұрған «Канело»

ноқдауға түсіріп, артынан жаяу желіске түсіп, жекпе-жектің соңына таяу шаршап қалғанда демімізді ішке жинай қойғанбыз, әлдеқалай болар екен деп. Ұрыс соңында Деревянченконың бас алып кетіп, жүректі бір толқытты-ау. «Головкинге не болған?» деп елденгеніміз де рас. Төрешілердің шешімі бойынша жеңіске қол жеткізді дегенімен осы сұрақ спортсүйер қауым мен мамандар көкейінде тұрып алды. Егер мәселенің мәнін анықтап алмасақ, жерлесімізді зейнетке шығаруға әзір едік.

Бұл бәсекеде Головкиннің жекпе-жекке ауырып шыққаны белгілі болды. Бапкерін ауыстырып, өз стилінен — джебі мен қарсыласын ұрып-жығуға деген ниетінен де қайтқанын байқадық. Бәрібір Головкиннің бәсі биік тұрды. Осы сында оны сынағандарға екі салмақ дәрежесіндегі бұрынғы әлем чемпионы «Пазман перісі» атанған АҚШ-тық Винни Пащенко: «GGG — сұмдық боксшы, бұл — өз өмірінде дәл Головкиндей үлкен ұрыстардан өткен әрі шаршы аланның шаңын шығарған мықтыны көре алмайтын немесе рингтің иесі мұрнына бармайтындардың тірлігі. Былжырамандар!» деп нүкте қойғандай болды.

Головкин — бұған дейін де өзін мойындатқан, әлі де мойындатып келе жатқан тұлға. Жай адамға ешкім таласпайды. Орта салмақтағы әлемнің экс-чемпионы Андре Берто әріптесі туралы: «Геннадийдің қолы — балға секілді. Қарсыластарын тек нокаутқа жіберуге арналған сияқты. Оның қарсыластары қанша жерден бетін жауып қорғанғанымен, бәрібір нокаутқа ұшырайды» деген сөзімен әңгітемізде анытағымыз келеді. Қалай айтсақ та, қазақ спортшысының қадірі артып тұр. Ол Тәуелсіз еліміздің мақтанышы ғана емес, бірлігі мен берекесі, достығы мен ынтымағы жарасқан әрі бейбітшілікті басты ұстаным етіп алған еліміздің насихатшысы.

Дүрәлі ДҮЙСЕБАЙ

Жас қазақ ұлттық апталығының ұжымы басылымының бұрынғы қызметкері Елдос Өмірзаққа әкесі **Өмірзақ ДӘЛІБАЙҰЛЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия КАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріші

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баия ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutha@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары

Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.